кескінін көрсетеді, соның жалпы бағытын анықтайды. Сол идеяның негізінде кейін тұтас бір жүйелер, олардың нақты түрлері мен формалары өрбиді. Осы жағынан алғанда идеялар саяси және әлеуметтік өмірде, көркем өнерде, дінде, философияда шын мәнінде белгілі бір құндылықтармен тығыз байланысып жатады. Сонымен, идея – бар нәрсені емес, басқа ұғымдардан өзгеше әлі жоқ нәрсені, жасалуға тиіс дүниелерді білдіреді. Идея өзі тарихи дамудың нәтижесі ретінде өзінің даму барысында өзінің көптеген қырларын айқындап толысқан ұғым. «Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Көк түріктер мен Алтын Орданың айбарын айтпағанда, Қазақ хандығы – біздің еліміздің түп – тамыры. Тарихи тамырымыздың бірлігі бізді түркі тілдес халықтармен ешқашан іргесі бөлінбейтін бауырлас етті.

Тарихқа назар салар болсақ, кезінде Түрік жұртының данагөйі, үш бірдей қағанның кеңесшісі болған атақты Тоныкөк негізін қалаған идея. Ол кісі бес жыл Қытайда ақсүйектің балалары оқитын мектебінде оқыған, Қытайдың түрлі губернияларында прокурор болып жұмыс атқарып, заң саласын жетік білген адам. Кейін Елтеріс Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрған кезде қолдау көрсетті. Соның арқасында Құтлық қаған екінші Түрік қағанатын құрды. Қағанат орнап болғаннан кейін Тоныкөк «Мәңгілік ел» идеясын қолға алды.

Тәуелсіз Қазақстан халқымыздың азаттық жолындағы сан ғасырлық арманын ақиқатқа айналдырды. Біздің буын жаңа тарихқа Қазақстан Республикасы деген атпен аяқ басып, жас мемлекетті әлемнің төріне оздырды. Қазақ елі, Мәңгілік Ел, Ұлы Дала елі деген киелі ұғымдар уақыт көшімен қилы дәуірді бастан өткерген халқымыздың өткені мен бүгінгі хал-күйінен хабар беретіндей. Ел деген сөздің қазақтың төл сөзі екендігіне ешкім күмән келтірмес. Мәңгілік Ел идеясы – тарихтың сыйы немесе бүгінгі буынның меншігі емес. Ол – өткен бабалардың алдындағы қасиетті борыш және келешек ұрпақтың алдындағы зор жауапкершілік.



ӘОЖ 172.3

ПАРАҚОРЛЫҚ – ТӘУЕЛСІЗ ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ҚАУІПТІ ІНДЕТІ

Құралбай Ә., Көбесова А.С.

Қазіргі қоғамда «жемқор», «парақор» деген ұғымдар ең жаман айыптау сөздердің санатына жатады. Осы сыбайлас жемқорлықтың тарихына тереңірек үніле алдық па? Мәселен, біздің заманымызға дейінгі XXIV ғасырдың екінші жартысына Ежелгі Вавилонда парақорлықтың алдын алу мәселесі мемлекеттік деңгейде қолға алыныпты. Ал бұдан басқа не білеміз Қарт тарих шумерлар мен семиттер дәуірінде де мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық дендегенін айтады. Мысалы, Лагаш Патшасы (Ирак жерінде іргесі қаланған ежелгі мемлекет) Урукагина шенеуіктер мен судьялардың жемқорлыққа салынуын айыптаған ең алғашқы патша болып саналады. Ол лауазымды тұлғалардың қызметтерін теріс пайдалануын сынап отырған.

Сыбайлас жемқорлық – қауіпті әлеуметтік құбылыс. Осы құбылыспен күрестің тарихы тереңде жатыр. Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуы алғашқы таптық қоғамдар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасқан уақыттар қойнауына жетелейді. Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлық туралы жазбаша мәліметтердің ең алғашқыларын Көне Бабырдың б.з.д. XXIV ғасырдағы мұрағаттарынан көруге болады. Патша Лагаша Урукагина шенеуіктер мен соттардың жүгенсіз әрекеттеріне тыю салу мақсатымен мемлекеттік басқару ісін реформалады. Ресей тарихында бірінші сыбайлас жемқорлық әрекеттерін шектеу заңнамасын III Иван жазған. Оның немересі Иван Грозный 1561 жылы Сот грамотасын енгізді, онда жергілікті земство басқармасының сот шенеуіктеріне пара алғаны үшін өлім жазасы түрінде санкция белгіленді. А.М. Романовтың кезеңінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған жалғыз халықтық бүлік болды. Ол 1648 жылы Ресей жерінде мәскеуліктердің жеңісімен аяқталды. Қаланың жартысы бейбіт тұрғындарымен өртеніп кетті, алайда патша екі министрді – Земстволық бұйрықтың басшысы Л. Плещеевті және Пушкарлық бұйрықтың бастысы П. Траханиотовты көпшілікке азаптауға берді. 1649 жылы



қабылданған Соборлық Ережеде парақорлық үшін қылмыстық жауапкершілік және пайда табу мақсатында қызмет бабын теріс пайдалану сұрақтары көрініс табады. Соборлық Ереженің 5 және 7-баптарында сот органдарының лауазымды тұлғаларының сыйақы алғаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған, ал 6-бапта субъектінің шеңбері кеңейтілді, сот шенеуніктері қызметін атқаратын тұлғаларға пара алғаны үшін жауапкершілік көрсетілген. І Петр кезеңінде сыбайлас жемқорлық етек жайды және онымен қатал күрес жүргізілді. І Петр парақор, сұғанақтық және бопсалаушыларға ықпал жасаумен мемлекеттік қызмет істерінде тәртіп жүргізуге тырысты. Алайда, қолданған шаралар оң нәтижені бермеді. Парақорлықтың және қызмет бабын теріс пайдалану арқылы пайда табудың алдын алу мақсатында, І Петр мемлекеттік қызметкерлер үшін мемлекеттік қызметті өтудің жаңа тәртібін енгізді. Жаңа тәртіпке сәйкес, олар бұл қызметте екі жылдан артық бола алмайды. Егерде қала тұрғындары осы лауазымды тұлға өзінің міндеттерін орындауды жалғастырсын деп жазбаша түрде өтініш жазса, көрсетілген мерзім ұзартылуы мүмкін. Қызмет бабын теріс пайдалану арқылы пайда табудың қауіпті нысаны – парақорлықтың таралғанын ескере отырып, І Петр 1713 жылы 23 тамыздағы Жарлығымен пара алумен қатар, пара бергені үшін қылмыстық жауапкершілік енгізген. «Осындай ұқсас құбылыстың алдын алу үшін ақша алғандармен, ақша бергендерді аямай қамшымен дүре соғады және әйелдері мен балаларын Азов каторгасына жібереді, және барлық қалаларға, селоларға былай жариялау керек: «Кімде-кім осылай алдағы уақытта тағы жасаса, оны аямай, өлім жазасына кеседі» деп Жарлықта жарияланған. Мемлекеттің билік және басқару органдарының лауазымды тұлғалары қызмет бабын теріс пайдалану арқылы пайда табуды жүзеге асырғаны үшін қаталырақ жаза қарастырылған, бұл жаңа Жарлықта көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет.



ӘОЖ 314(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ АХУАЛ

Қасымғали А., Айтақова С.А

Халық қоғамының негізгі әлеуметтік дамуың қозғаушы күші, бар байлық пен игілікті жасаушы. Сонымен қатар, жалғыз материалдық молшылық қана емес, рухани байлықтардың бар көзі сол жасампаз да еңбеккер халықта жатқаны белгілі. Ғасырлар бойы жасалған баға жетпес рухани байлықтарды өз бабына сіңіретін, оларды сақтап келешек ұрпаққа жеткізетін де халық. Тарихты жасап, оны алға бастаушы да халық. Халықтың қазіргі кезінде адамзат қоғамның әлеуметтік дамуына ықпалы қай жағынан болса да дарытып келеді және күшейе түспек. Біздің ұлан – байтақ жері бар отанымыз-Қазақстан үшін бүгінгі таңда адамдардың саны үлкен проблеманың бірі. Олар неғұрлым көп болса, сарқылмас мол табиғи байлығымыз толығымен игеруге мүмкіндік туады, оның қауіпсіздік әрекетінің генофонын арттырады, мәдени-руханиынтасын кеңейтеді.

Егемен ел болып, іргемізді бүтіндеп отырған кезде ұзақ жылдар бойы отаршылдық тұзағына түскен ұлттық санамыз қайта жанданып, даму үстінде. Соның бір жарқын көрінісі ұлттық демографиялық деректерді білуге деген құлшыныс артып, қазақ ұлтының үрім-бұтағының өсіп-өнуі, сандық және сапалық өркендеуінің ахуалы қалай деген сауал әркімді де ойландыра түсуде.

Міне, осы мәселелер сөз болғанда демографияның екі жағы бірдей маңызды: ішкі фактор – халықтың өзіндік табиғи өсуі және сыртқы фактор – шет елдердегі қандастарымыздың – байырғы, автохтонды отанына оралуы. Аталған факторлардың екеуіде маңызды. Бірақ қазіргі таңдағы ел халқының, оның өкіметінің, Парламентінің алдында тұрған бірден-бір көкейкесті проблемалардың бірі, бірегейлі кезек күттірмейтіні әлемнің 44 еліне тарыдай шашырап кеткен отандастарымыз – қазақ бауырларымызды елге қайтару болып табылады.

Кеңестік Қазақстан мен тәуелсіз еліміздің тарихшылары, саясаткерлері және демографзерттеушілері бұл проблема бойынша бірқатар ғылыми – ізденіс жұмыстарын жүргізді және одан әрі жалғастыруда. Олардың қатарына М. Тәтімов, М. Көбендиев, Т. Омарбеков, Ә. Ғалиев, М. Асылбек және т.б жатады.



Бұл қазақ ұлтының көп ғасырлар бойы, талай демографиялық апаттарды бастан кеше отырып, егеменділік жағдайында өз еліндегі халықтың көпшілігіне айналғанда ғана қол жеткізген үлкен бір жеңіс болды. Енді Қазақстан Республикасындағы этнодемографиялық жағдайды анықтайтын оның негізгі сипаттарына өз ерекшеліктерін беретін, бұдан кейін де халықтың өсіп дамуы бағыттарын белгілейтін қазақ ұлтының өзі болатын жағдай қалыптасып үлгерді, – десек дұрыс болады. Мұндай үлкен тарихи белес пен жетістікке қазақ ұлты ғасырлар бойы жүргізген ұлт-азаттық қозғалысының нәтижесінде, өткен ғасырдың басындағы Ресей патшалығының саясаты одан бергі 1930-жылдардағы ашаршылық, зорлық-зомбылық, қуғын-сүргін, Екінші дүниежүзілік соғыс, 1950-жылдардан үдере бастау алған Кеңес үкіметінің орыстандыру саясаты қазақ халқының табиғи өсімінің тамырына балта шабумен болды. Осы нәубеттердің салдарынан бір кездері Қазақстандағы қазақ ұлтының саны 30 пайызға дейін азайып кетті, әсіресе ірі-ірі демографиялық апаттарды бастан көшіріп, сол қиыншылықтарды, олардың салдарын жеңе отырып тек тәуелсіздік жағдайына ғана жетті, – десек қателеспейміз. Қазақ ұлтының өткені көп ғасырлық тарихи жолына көз салсақ, оның саны мен құрамының ірі-ірі саяси-әлеуметтік және экономикалық бет бұрыстарға тығыз байланысты, жиі және күрделі өзгерістерге ұшырағанын байқаймыз.

Ағымдағы халақ санын бағалау ел арасындағы санақ жүргізілген жылғы нәтиже бойынша бағаланады. Жыл сайын халықтың өсуі дүниеге келген адамдар санымен және тап осы аумаққа келушілер санымен көбейіп отырады, ал дүниеден озған және осы аумақтан кеткен азаматтар есептен шығарылады. Қазақстан Республикасында 1989 жылғы халық санағында 16199,2 мың адам тіркелді. 1999 жылғы санаққа дейінгі аралықта Қазақстан халқы 1246,1 мың адамға кеміген. Мұның басты себебі бұрын қуғын-сүргінге ұшырап Қазақстан жеріне көшіріліп, қоныстандырылған өзге ұлт өкілдерінің, әсіресе, орыстардың, украиндардың, немістердің, кавказ халықтарының т.б өз ата мекендеріне көшіп кетуі болды.



ӘОЖ 411:22

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛ ТІРЕГІ

Жаббаров М., Мырзахмет Ғ.К.

Қазақ елінің халық болып қалыптасып, құрылу процесі – сонау сақ, үйсін, қаңлы, ғұн тайпаларынан күдіретті түркі қағанаттарының құрамына енумен және қыпшақ даласында «Қазақ» этнонимінің шығу тарихынан бастау алған.

Ал қазақ хандығының құрылуы -шаруашылықтың дамуы, өндіргіш күштердің өсуі, феодалдық қатынастардың қалыптасып ерте заманнан бері Орта Азияның ұлан байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың халық болып бірігуі арқылы жүзеге асқан.

Қазақ хандығының құрылуына Керей мен Жәнібек сұлтандардың Әбілқайыр үстемдігіне қарсы күрескен қазақ тайпаларын бастап, Шығыс Дешті Қыпшақтан Моғолстандағы Жетісу жері Шу мен Талас өңіріне қоныс аударуы мұрындық болды. Оларды құшақ жая қарсы алған Моғолстан ханы Есен-Бұға, сұлтандарға Шу бойынан қоныс бөліп береді. Батыс Жетісуды құтты мекен еткен Керей мен Жәнібек Шудағы Қозыбасына қазақ хандығының ұлттық туын тігіп, Қазақ хандығын құрады. Атақты тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде «Шаңырағы шайқалған Әбілқайыр хандығының үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға көшіп келеді. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер - «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылы (1465-1466) жж. билей бастады» делінген. Қазақ хандығының тағына алдымен жасы үлкен Керей сұлтан ақ киізбен хан көтеріледі.

1986 жылғы желтоқсан көтерілісі - ұлттық рухтың өлместігін жарқын түрде дәлелдеді. Қылышынан қаны тамған, жарты әлемді билеп тұрған қызыл империя құрсауындағы қазақтың батыр ұл-қыздарын қордаланған намыс, ғасырлар бойы жиналған ашу-кек, ұлттың тілін, дінін көзге ілмей, елемеушілік - қазақ халқының бодандыққа қарсы жойқын бұлқынысының шегіне жеттіріп, қазақ халқының тәуелсіздікке ұмтылуына жол ашып бергендей болды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі республикамыздың «Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация»



қабылдады. Сөйтіп, бар әлемге Қазақстанның егемендігін жариялады. 1991 жылғы желтоқсанның 1-інде бүкілхалықтық сайлау қортындысымен Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланып, 16 желтоқсан- Республиканың тәуелсіздік алған күні деп жарияланды. Осы сәттен бастап біздің халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалды. Қазақ халқы өзінің ата-бабасынан қалған ұлан - ғайыр жерінде өзінің тәуелсіздігін жариялады.

1992 жылы 4 маусымда - мемлекеттілігімізді айқындайтын рәміздеріміз-ту, елтаңба, әнұран ресми түрде қабылданды.

1993 жылы 28 қаңтарда тұңғыш Конституциямыз бекітіліп,

1995 жылы 30 тамызда жаңа Конституциямыз қабылданды.

Қазақстан қаз тұрып, қадам басқан тәуелсіздік сәбилік тұсауын өміршең уақытта кестірген кезден бастап аз ғана уақыт бедерінде кейбір елдердің жүз жылда жететін жетістіктеріне жетті. Осы уақытқа дейін бізге үлгі болып келген Еуропа елдеріне біршама аспектілерде: БҰҰ мүшелікке өтіп, ұлттық валютамыз-теңгені ендіріп, шетел мемлекеттері мен достастық келісімдер орнатты. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының сындарлы саясатының арқасында тыныштық пен тұрақтылық, экономикалық даму, ұлтаралық татулық орнады. Президентіміз қазақ халқына «Мәңгілік ел» ұғымын елдің біріктіруші күші, ешқашан таусылмас қуат көзі «Қазақстан 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты стратегиясының ұлы бағдары қылды. Жаһандық сынақ уақыты болатынын атап өткен, мұндай қиын кезеңнен тиімді шығудың тетіктерін жариялаған «Нұрлы Жол - болашаққа бастар Жол» атты жолдауын жариялады. Стратегия күннен - күнге, жылдан - жылға халқымыздың өмір, тұрмыс - тіршілігін жақсы ете түсетін бағдарлама. Ал біздің еліміздің осындай бағдарламалары - баянды, жоспарлары - жүйелі, жолдары-айқын. Елбасымыз айтқандай әрбір күніміз мерекелі, әрбір ісіміз берекелі, дамуымыз жедел, келешегіміз кемел болсын. Жарқын іспен күллі әлемді таң қылып, Жасай берсін, Елдігіміз Мәңгілік!



ӘОЖ 21/451

ӘУЛИЕАТА Өңіріндегі Ашаршылық Зардаптары

Түгелбай А., Мырзахмет Ғ.К.

Қазақстанда орын алған ашаршылық құрбандарының аруақтарына бас иіп, тағзым ету, сондай-ақ, тарихтың осынау қасіретті бетін жастардың, яғни біздердің білуіміз үшін осы қасіретті оқиғаларды зерттеу арқылы ашаршылық жайындағы ақпаратты көпшілік қауымға кеңінен тарату басты парыздарымыздың бірі болуы тиіс. Ел санасына терең жара салған 30-жылдарғы ашаршылықтың кеңестік дәуірде жабық тақырып болғаны белгілі. Аштық зұлматы көшпенді жұртты қынадай қырды. Оның тырнағынан көп қазақ әулеті дін-аман құтыла алмады, сондықтан да ол тоталитарлық стандарт жеңген заманның өзінде еш ұмытылған жоқ. Бірақ аштықтың миллиондаған жазықсыз құрбандарын ашық еске алу мүмкін болмады. 1932 жыл нәубеті ол шақта отбастарында, оңашада ғана сыбырлап айтылатын. Әрине, сол сұрапыл жылдардың өзінде-ақ Түркістан өлкесінде кеңес өкіметінің орнауымен бірге басталған алапат аштық миллионнан астам көшпенді жұртты ажал тырнағына іліктіргенін Мұстафа Шоқай анықтап әшкерелеген болатын. Алаш қайраткері “большевизмнің аштық саясаты” 1917-1918 жылдары қазақ халқының сол кездегі санының төрттен біріне өлім құштырды, - деген болатын. Осылай басталған “большевиктердің аштық саясаты” перманентті сипат алған еді, 1921-23 жылдары далалы өлкеде – Қазақ Республикасы аумағында үлкен аштық болды. Ұлт зиялылары сол кезеңде жылу жиып, ашыққан аудандарға мал айдап апарып беруді ұйымдастырды. Өтеуіне, кеңестік сотқа тартылды. Большевизм ұрындырған ұлттық апаттың үшінші кезеңінде – 1932 жылғы алапат ашаршылықта – халқымыз сол кезгі мөлшерінің тең жартысын жоғалтты. Шамасы жеткен азшылық шет елдерге өтіп кетуге мәжбүр болды. Қазақстанда үш дүркін соққан аштық апатта 4,5 миллионнан астам адам опат болған-ды. Кеңестік билік жүргізген мұндай кесепатты саясаттың салқыны Оңтүстік Қазақстан өңіріне тез-ақ жеткен болатын. Бүкіл елді қамтыған саяси дағдарысты экономикалық құлдырау күшейте түсті. 1917 жылғы



құрғақшылық нәтижесінде жылдың соңына қарай аштыққа ұшыраған жеке қожалықтардың саны: Ақмешіт уезінде 24810, Түркістанда 12296, Шымкент уезінде – 33618, Әулиеата уезінде 44307 еді. Сонымен, ұжымдастыру барысында жіберілген тактикалық қателіктер солшыл немесе оңшыл бағыттағылардың «асыра сілтеуі» ретінде түсіндірілді.

Әрине, осының салдарынан жедел қарқынмен құрылған мал шаруашылығы аудандарындағы колхоздарда мал өсімі барынша төмендеп кеткені де шындық еді. Жеке қолдан қоғамдастырған түсініксіз ұйымға малдарын өткізгісі келмеген бақуат шаруалар, оларды сатып, сойып немесе туысқандарына уақытша үлестіріп тұталапайын шығарды. Осындай аласапыранда, ауыл тұрғындары едәуір бөлігінің қалаларға немесе бесжылдықтың екпінді құрылыстарына жанбағу үшін көшіп кетуі нәтижесінде, колхоздар жұмысшы қолдарынсыз қалды. Жан-жақты жүргізілген есептеулер зұлмат жылдарындағы аштық пен оның ауыр салдары- іш сүзегі эпидемиясынан опат болғандардың саны 1млн. 750мың адамға жеткендігін көрсетеді, бұл республикадағы барлық қазақ халқының 42%-ы болатын. Осы себептердің салдарынан колхоздар белгіленген уақытта тауарлы ауыл шаруашылығы өнімінің ірі өндірушілеріне айнала алмады, тек 30 -шы жылдардың соңына қарай нақты алға басушылық мүмкін бола бастады. Осы уақытта репрессивтік аппаратқа сүйенген кеңес үкіметінің жалпы жағдайы түзеліп, оған қарсы тұрған күштер не жойылды, не өзінің ықпалын жоғалтып алды.

Сонымен, Қазақстанды үш дүркін жайлаған аштық апатта 4,5 миллионнан астам адам опат болды. Босап қалған кеңістікке сырттан көшіп келген миллиондаған адам социалистік құрылыс көрігін қыздырды. Өнеркәсіп ошақтарын ашып, қала, зауыт салды, дүрілдетіп тың игерді. Орталықтың тәтті ұраны жетегімен жасампаз еңбекті жандандырушылар қазақ халқы бастан кешкен қасірет ауқымын білгісі келмеді. Қазақтарды өз еріктерінен тыс, өз Отанында халықтың үштен біріне де жетпейтін ұлттық азшылық деңгейіне түсірді. Сөйтіп, тиісінше, қоғамның тыныс-тіршілігінің барлық саласында қазақтың ұлттық мүддесінің шектеу көруіне жанама түрде болса да себепкер болды. Елімізде өмір сүріп жатқан барша жұрт, этностық топтар қазақтың ашаршылық апатында көрген қиыншылықтарын білуі тиіс.



УДК 94(574)

ВОПРОС О ВРЕМЕНИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

Тилебекова А., Тулегенова З.Ж.

В августе 2015 года исполнилось 550-лет образования Кереем и Жанибеком самостоятельного государственного объединения казахского народа – Казахского ханства. Политическая и общественная значимость юбилея, как совершенно справедливо отметил известный историк Т.И. Султанов, заключается, прежде всего, в том, что Казахское ханство было первым в Центральной Азии национальным государством, созданным ныне существующим народом, а не его предшественниками или историческими предками.

Вопрос о времени возникновения Казахского ханства, первого в Центральной Азии национального государства, которое носило имя создавшего его этноса – казахов, является одним из самых дискуссионных проблем отечественной исторической науки. В казахстанской научной и научно-популярной литературе имеется множество работ, посвященных данной теме, хотя до начала 70-х годов XX века вопрос датировки образования ханства в качестве научной проблемы специально не поднимался. Его ставили «в один ряд с иными событиями политической истории казахского общества». В этот период были опубликованы первые научные исследования, посвященные конкретно времени образования Казахского ханства.

У азиатских народов свобода и независимость могли обуславливаться только в лице отдельного хана и своего родоначальника. Анализируя предание казахов и ссылаясь на труд казахского историка Кадыргали Жалаири «Джамиат – таварих», Ч. Валиханов был склонен к мнению, что казахи в конце XV в. имели свое политическое объединение. В работе «Киргизское родословие» он приводит следующий эпизод: Аксак-Темир (Тамерлан) в первый свой поход на Токтамыша, проходя через кочевье казахов Каракума, заметил их, разгромил их улусы и повесил двух ханов Амета и Самета. Они, по Жалаири, первые казахские ханы, казнённые Тимуром во второй половине XIV в. В случаях общего смятения, утверждал А.И. Левшин, где



соединяются казахи всех родов и званий без различия, все кричат «алача!». Имя казах, которое, как можно полагать из «Шейбани-наме», означало возвышенность духа, здравость, что соответствовало европейскому рыцарству. Сведения о казахах относящиеся к XIV в., содержатся в работе Утемиша-хаджи «Чингиз-наме», написанной в середине XIV в. по поручению Шайбанида Иш-султана. Образование государств Кок-орды, ханства Абулхаира, Моголистана, Ногайской Орды и Сибирского ханства было заметным этапом в становлении государственности местного населения и формировании этнических общностей народностей казахской, узбекской, ногайской и т.д., близких по языку, материальной и духовной культуре. Преодоление раздробленности, политической разобщенности частей казахского народа в рамках государственных объединений, связано с именами Джаныбека и Гирея. Джаныбек и Гирей были близкими родственниками. Их династические интересы, борьба с другими чингизидами за власть в степи совпали с интересами различных социальных групп консолидировавшегося народа к созданию самостоятельного государства. В результате борьбы, в отличие от монгольских улусов, как метко заметили исследователи, в частности К.А. Пищулина, насильственно объединенных множество разнородных этнополитических организмов, племен и народностей, образовалась государственность, основанная на более определенной этнической основе, на базе формировавшихся народностей.

В XV-XVI веках казахские ханы обладали широкими полномочиями, вытекающие из выполняемых ими функций. Так, хан был верховным главнокомандующим казахской армией и полководческие таланты не в последнюю очередь влияли на избрание его на престол. В обязанности хана входили организация войск, проведение мобилизации, руководство армией во время военных действий.

В истории любого народа есть знаковые события, значение которых невозможно переоценить. К числу таких величайших событий относится возникновение национального государства.



УДК 37.013.42(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бостан М., Үсенова С.М.

Инклюзивті білім беру әр баланы түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, ерекше оқытуды қажет ететін балаларға дербестендірілген ықпалды және білім беру үдерісіндегі кедергілерді жою негізінде оқытуды жетілдіру мен оқу ортасын құруды түспалдайды. Инклюзивті орта ерекше оқытуды қажет ететін балалардың оқу-тәрбие үдерісінің толыққанды қатысушысы болуын, өзін-өзі бағалауын көтеруін және білім беру ортасында жайлы сезінуін қамтамасыз етуге жағдай туғызатын азаматтық, әлеуметтік, коммуникативтік және т.б. құзыреттерін дамыту мүмкіндігін береді.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабы 6-тармағына сәйкес мемлекет инклюзивті білім беруді іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарды білім берудің барлық деңгейлерінде дамуындағы ақаулықты түзету және әлеуметтік бейімдеу, олардың білім алуы үшін арнайы жағдайларымен қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында ерекше оқытуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу қажеттілігін ұйымдастыру негізін құруға ықпал ететін ресурстар мен іс-шара мерзімдері бойынша өзара байланысты кешен ұсынылған. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыратын іс-шаралар жоспарында:

- инклюзивті білім беру үшін жағдайлар туғызатын мектептер үлесін арттыру;
- ерекше оқытуды қажет ететін балалардың жалпы санынан инклюзивті біліммен қамтылған балалар санын арттыру;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыру бойынша мамандар санын арттыру;
- инклюзивті білім беруге арналған АКТ және қашықтан оқытумен қамтылған мектептер үлесін арттыру;
- мектептегі инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіру және білім беру қызметтерінің сапасын арттыру;

- ерекше оқытуды қажет ететін балаларды оқытуда, тәрбиелеуде, дамытуда және әлеуметтік бейімдеуде психологиялық-педагогикалық қолдау модельдерін құру;

- ерте айқындау тәсілдері мен әдістерін әзірлеу және ерте жастағы балаларды түзету-педагогикалық қолдау қарастырылған.

Жалпы білім беретін мектептердегі арнайы сыныптар оқушылардың даму бұзылыстары түрлері бойынша сараланады:

- есту қабілеті бұзылған балалар үшін;
- көру қабілеті бұзылған балалар үшін;
- сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар балалар үшін;
- тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалар үшін;
- психикалық дамуы тежелген балалар үшін (бұдан әрі – ПДТ) – қалыпты психикалық даму қарқыны бұзылған;
- зияты бұзылған балалар үшін (жеңіл және шектеулі деңгейдегі ақыл-ой тежелісі).

Қазіргі уақытта даму мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасаудағы өзекті мәселе-инклюзивтік білім беру. Көшеде өзінің жасындағы балалармен ойнап жүрген мектепке дейінгі жастағы балаға жақын жердегі мектепке емес, ерекше жағдайдағы мектепке баратыны жөнінде қалай түсіндіруге болады. Инклюзивті білім беру системасының өзі инклюзивтік қоғамның дамуының тиімді механизмі болып табылады. Инклюзивті білім беру системасын дамыта отырып, біз инклюзивтік қоғам, яғни әрбір адам үшін қоғамды дамытуға жол ашамыз. Инклюзивті білім мүмкіндігі шектеулі балаларға балабақша, мектеп, институт, мектепке дейінгі және мектеп өміріне толық көлемде қатысуына мүмкіндік береді. Инклюзивті білім беру мүмкіндігі шектеулі балаларды теңдікке, тең құқылыққа ынтыландыру қорына ие.

ӘОЖ 323(524)

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ МЕН ТАҒЛЫМЫ

Утарова Ш., Сураншиева Р.К.

1991 жылы 1 желтоқсан күні Тәуелсіздігіміз жарияланбай тұрып тұңғыш рет жалпыхалықтық дауыс беру жолымен Қазақстан Президентін сайлау рәсімі өткізілді. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көпшілік дауыспен (98,76%) жеңіске жетті.



Тәуелсіз Қазақстан Республикасының даму тарихы 1991 жылғы 16-желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңынан кейін басталды. Тәуелсіздік-тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасалды. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Қазақстанның Тәуелсіздігін ресми түрде ең алғаш болып мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары мойындады, екінші болып айдаһардай айбарлы Қытай, сонан соң Ұлыбритания мойындады. Осылайша әлемдік саясат аренасында ҚАЗАҚСТАН деген мемлекет тәй-тәй басты. Небары бірнеше аптаның ішінде әлемнің көптеген беделді елдері Қазақ елінің тәуелсіздігін мойындап, дипломатиялық қатынастар басталды.

Ширек ғасыр аралығында еліміз көптеген жағдайларды басынан өткерді, оның ішінде қиындықтар да, жетістіктер де молынан болды. Айта кетсек, БҰҰ-на мүше болып қабылдандық. Елімізде ұлттық валюта-төл теңгеміз енгізілді. Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, Президент Жарлығымен Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Ең бастысы, «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылып, республикамызда ең жоғарғы жазалау тәртібін қолдану жойылды. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық еттік. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевқа «Елбасы» атағы беріліп, Парламент Сенатының салтанатты жиынында Президентке Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған төсбелгі табыс етілді. Лондон Олимпиадасында Қазақстан құрамасы 7 алтын алып, жалпы командалық есепте 12 орынға ие болды. Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы таныстырылды. Оның басты мақсаты-мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарында болуы. «ЕХРО-2017» Халықаралық көрмесін жеңіп алдық. Елордамызда әсем ғимарат Ұлттық музей бой көтерді, Опера және балет театры ашылды. Қазақ хандығының 550 жылдығы өзіміздің 2000 жылдық тарихы бар Тараз жерінде атап өтілді. 2016 жылы Қазақ елінің Тәуелсіз мемлекет болғанына ширек ғасыр яғни, 25 жыл толды. Елбасы Тәуелсіздігіміздің 25 жылына орай



Еліміздің дамуы мен қалыптасуына зор еңбек сіңірген мыңдаған қазақстандықты мемлекеттік наградармен және «Тәуелсіздіктің 25 жылдығы» мерейтойлық медальмен марапаттады.

Еліміз осы жылды да үлкен жетістіктермен бастауда. Елбасымыздың жолдауы. «Жаңа жолдау тақырыбы: Қазақстанның үшінші жаңғыруы». Бұлай айтылу себебі, Қазақстан үшінші мүшел жасқа қадам басты. Қазақстанның Бірінші жаңғыруы 25 жыл бұрын КСРО-ның қирандысынан шығып, әлем картасында болмаған жаңа мемлекет құрды. Екінші жаңғыру «Қазақстан-2030» стратегиясының қабылдануымен және жаңа елорда-Астананың салынумен басталды. Еліміз экономикалық тұрғыдан артта қалған аймақтан шығып, әлемдегі экономикасы бәсекеге қабілетті 50 мемлекеттің қатарына кірді. Үшінші жаңғыру-«Қазақстан-2050» стратегиясы яғни, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсаттарына бастайтын сенімді көпір болмақ. Оның ізін ала Алматы қаласында студенттер арасындағы Қысқы Универсиада-2017 спорт ойындары өтті. Жерлестеріміз 11 алтын, 8 күміс, 17 қола медальмен ресейліктерден кейінгі екінші орынға тұрақтады. Алда, «EXPO-2017» көрмесі өтеді деп жоспарлануда. «EXPO-2017» көрмесі арқылы қалалардың имиджін көтеріп, болашақта туристерді тартуға болады. «EXPO-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін Астанада өткізу-Қазақстанның негізгі ірі жобаларының бірі.

ӘОЖ 378.186.6..37.01

СТУДЕНТТЕР БОЙЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Букешова С., Тұрдалиева Ш.Т.

Жастар, соның ішінде студенттер білім мен ғылымның негізгі капиталы. Мемлекетіміздің қозғаушы қайнар көзі. Бүгінгі күнде адами құндылықтар басты орынға қойылып отыр. Әрбір азаматтың өз ана тілін, өз ұлтының тарихын, дәстүрін жетік меңгере отырып, өз бойындағы адами құндылықтарды жоғарғы деңгейде дамыту мақсат етілген. Осы орайда Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті мен мақсаты – ұлттық және адами құндылықтарды жастардың ой өрісін дамыту арқылы



шыңдау» болып табылады. Жалпы барлығымыз тілге тиек еткен ұлттық құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, халықты өзге елдерге танытуға көмек көзсететін ұлттың өзіне ғана тән ерекше мәдениеті, тілі, діні – белгілі бір халықтың бет-бейнесі немесе «айнасы». Алайда, осы құндылықтардың барлығы жастардың бойынан табыла білуі өте қиын құбылыс болып отыр. Сондықтан да адамзат бойындағы ұлттық құндылықтардың төмендемеуі мемлекет тарапынан қарастырылып қолға алынғалы тұр. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің II съезінде жастарды адамгершілікке тәрбиелеу жөніндегі мәселелерді атап өтіп, білкті мұғалімдер мен тәжірибелі тәрбиешілердің Қазақстанның білім саласында тапшы екендігін атап өтті. Осы жағдайларды саралай келе «студенттер бойындағы ұлттық құндылықтарды дамыту жолдары қандай?» деген сұрақ туындауда. Негізге алынып отырған бұл күрделі сұрақ қазақ ұлтының өзіндік менталитетіне және рухани тәрбиеге тікелей байланысты. Ұлттық құндылықтармен қоса жастардың, студенттердің тәрбиесі басты назарға алынып отыр.

Студенттер бойындағы құндылықтар деңгейі деградацияға ұшырап қоғамның, тіпті мемлекеттің назарын өзіне аударта бастауы негізгі өзектілік.

Қазіргі күнде жастардың терең білімге ден қоюы немесе студенттер санының артуы мемлекеттің алға қарай жылжуының басты кепілі болып отыр. Алайда баса назар тек білім мен ғылымға аударылып, студенттер бойындағы құндылықтар деңгейі ешкімді толғандырып та жатқан жоқ. Жаһанданудың өрлеп тұрған шағы елітеуші жастардың ойын бірден шырмап алып кетіп жатқаны да шындық.

Қоғам – мемлекет айнасы. Қазіргі кезде қоғамда Қазақстанның рухты жастары негізгі әрі басты рөлді иеленуде. Бүгінгі таңда мемлекетіміз үшін жастардың бойында өзіндік негізгі қасиеттерге кедерге келтірместен, бойына заман талабына сай жаңа қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастыру негізгі міндет. ХХІ ғасыр азаматын тәрбиелеу барысында білім мен білікті, дағдыларды қалыптастыруды ұлттық мәдениет пен ұлттық құндылық аясында жүргізу басты назарда тұр. Адам құндылығының өзегін құрайтын және зерттейтін саланы аксиология деп атайды. Аксиология («axia» – грекше «құндылық», «логос» – ілім, ғылым) құндылық ұғымына тұңғыш анықтаманы философтар (Лотце, Коген) берген.



Адамгершілік және құндылықтар- мәңгілік тақырып. Ол ешқашан ескірмейді. Бұл көтеріліп отырылған сұрақтар заман талабына сай өзгертіліп қайта оралып отырады. Қай заманда болмасын адамзаттың асыл міндетімен мұрасы салауатты әрі саналы ұрпақ тірбиелеу. Сәйкесінше сол жас ұрпақтың бойынан уақыт талабына сай өзгерістер мен қабілеттер қалыптасуы шарт. Алайда, жас ұрпақтың бойынан өз ұлтына тән қасиеттері де табыла білуі керек.

Алға қойылған мақсатты саналы түрде жүзеге асыру үшін мемлекетіміз ЭЫДҰ-елдерінің тетіктер жүйесін пайдалануда. Олар Қазақстанның ерекшеліктерін ескере отырып, мәдениет пен білім беру саласын жаңғырту үшін, жастарды әлеуметтендіну және патриоттық тәрбие беру үшін бейімделген.

Тақырыпты жан-жақты зерттей, саралай келе оның мемлекет үшін тіпті Қазақ халқының өзіндік болмысы үшін ерекше бір мәселеге айналғаны анықталып отыр. Психологиялық тұрғыдан да студенттер бойындағы олқылықтарды түзету қиын шаруа екені анық.

ӘОЖ 902(574)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ЖӘДІГЕРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ – ТАНЫМДЫҚ МӘНІ

Слан Д., Қабиева А.Қ.

Ұлтымыздың атақ-абыройын әлемге паш еткен ежелгі дәуір ақындары, ғұламалары, ойшылдары мен дара да дана тұлғаларымыздың қалдырған мұралары келешек ұрпаққа үлгі ретінде ұсынылуы және жастардың бойына қазақ халқының ежелгі тәлім-тәрбиелік жәдігерлерінің тарихи-танымдық мәнін ұғындыра, дарыта отырып, жастарды білімділікке баулу, сонымен қатар рухани жан дүниені байыту. Ұлы тұлғалар арасындағы тарихи, шығармашылық сабақтастарды жан-жақты, терең зерттеу алдағы тұрған үлкен салалардың бірі болғандықтан, менің міндетім-білімділік сол заманнан келгенін, сонымен қатар, жастарымызға көне түрік әдебиетінің мәнін түсіндіру, келешегіміздің өскелең ұрпақтарына тәлім-тәрбие беру арқылы рухани азық сыйлап, жан-дүниелерін рухани мұра арқылы байыту және етене елдің білімді ұрпағына айналу үшін дұрыс бағыт-бағдар беру. Қазақ халқының ежелгі тәлім-



тәрбиелік негіздерін сөз еткенде VI-IX ғасырдағы көне түркі ескерткіштерін, яғни Орхон-Енесей жазба ескерткіштерін, Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жазбаларын, «Оғызнама» дастаны, «Қорқыт ата» кітабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің педагогикалық еңбектерін атап, ол негіздердің мәнін ашу ғылыми міндет болып табылады. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев биылғы дәстүрлі Жолдауында «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік ел-жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы және абаларымыздың арманы. Егемендіктің 25 жылында барша қазақстандықтарды біріктіретін, ел болашағының іргетасын қалаған басты құндылықтар жасалды» – деп ел болашағын айқындап берді. Мәңгілік ел болуда бабаларымыздың құнды мұраларын жас ұрпаққа жеткізу, осы мұралар арқылы жастарды қазақстандық патриотизмге, елге деген мақтаныш сезімге тәрбиелеу-бүгінгі күннің басты ұстанымы болуы тиіс. Осы орайда ғұлама ғалымдардың, асқан ойшылдардың, көне түркі елінің данышпандары мен әскери қолбасшыларының бүгінгі ұрпаққа қалдырған мұрасын білу, меңгеру және ұлағатты өсиеттері мен істерін жалғастыру – бәріміздің ортақ парызымыз. Сол себепті алдарыңызға Көне түркі жазбаларын және Әбу-Насыр әл-Фарабидің біздің игілігімізге айналған шағын шығармашылығының мәнін, және орта ғасыр жәдігерлерінің құнды еңбектерін алдарыңызға ұсынамын. Еліміз қайта ел болды, Халқымыз қайта халық болды» – деген жыр тармақтары ерлік пен соғыс және бейбітшілік, тәуелсіздік туралы тебірене толғап, жастарды ерлікке, елді сүйуге тәрбиелеп тұр. Күлтегін жырындағы әрбір сөз кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болып, тәрбиелік әсер етеіндей, тебіренсіпен, тасқа қашалып жазылған. «Әкем Қағанның әскері бөрідей бопты» деп, батылдық пен ерлікке үндеу, «кедей халықты бай қылдым» деп ел үшін еңбек етіп, ерлік жасауды уағыздау, түрік халықтарын бірлікке шақыру – жырдың ең басты мақсаттары. Тасқа қашалып жазылған «Күлтегін», «Білге қаған» жырының негізгі негізгі мақсаты – болашақ ұрпаққа бедерлі белгі қалдыру арқылы олардың тәлім-тәрбиесіне әрқашан да әсер ету, тарихқа тағзым етуді үйрету болып табылады. Орхон жазба ескерткіштерінің бірі «Тоныкөк жыры» да Күлтегін жырына ұқсас. Жырдың бас кейіпкері Тоныкөк өзі туралы: «ақыл иесі, сөз иесі – мен болдым» деп, жүйелі, қисынды, нағыз ақылды сөз ақылды ойдан шығатынын уағыздайды, ақыл-ой тәрбиесіне мән береді. Тасқа қашалып жазылған жырлар желден еркіндік аңсаған түркі халқының (қазақтың түпкі тегінің) бақытты өмір жайлы арман-



қиялын, тәуелсіздік үшін ғасырлар бойы күресіп келе жатқан ерлердің қаһармандықтарын келер ұрпаққа үлгі – өнеге етіп, тәлім – тәрбиелік әсер қалдырды. Зерттеуімді қорытындылай келе, жастардың бойына рухани азық беру және рухани жан-дүниені байыту. Қалай? Міне, атап өткен жәдігерлердің жазып қалдырған жырлары, дастандары, білімділікке, ақылдылыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа тәрбиелей отырып, танымдық тұрғыда ерекше орын алатын құнды, мазмұны мен мәні қатар қиылысқан, тарихымыздан сыр шертетін қазіргі таңда асыл мұрамызға айналған еңбектері арқылы. Тарих деп айтып өттім. Тарихты білмей болашақты болжау мүмкін емес. Олай болса, басты мақсат – ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұраларын сақтау.

ӘОЖ 159.972

ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД МӘСЕЛЕСІ

Данаева Г., Спанов М.Ж.

Бүкіл дүние жүзі көтерген мәселе өз-өзіне қол жумсау әсіресе жас өспірімдер кәмелетке толмағандар арасында өзіне-өзі қол жұмсау – философиялық (өмірдің мәнін жоғалту), психологиялық (психологиялық теріс бейімделу, фрустрация), әлеуметтік (әлеуметтік жағынан өз орнын таппау, қанағаттанбау сезімі, әлеуметтік мәртебесін жоғалту және т.б), медициналық (күрделі ауру, психикасының бұзылуы), адамгершіліктік және құқықтық проблемалардың жинақталуынан тұратын өте күрделі, көп қырлы феномен. Жасөспірімдік шақта кездесетін қиындықтарды көтере алмау, айналадағылармен тіл табыспау, психологияның толық қалыптаспағандығы, міне, осы және т.б себептерден өскелең ұрпақ арасында суицид мәселесі артып отыр. Суицидтің алдын алу үшін ата-аналар, мұғалімдер, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер, салауатты өмір салтын қалыптастырушы мамандар, бұқаралық ақпарат құралдары бірлесе жұмыс атқару керек. Яғни ең алдымен алдын алу жұмыстары жасалу қажет: жасөспірімдер мен жастар арасында осы тақырыпта дәрістер, әңгімелесулер, сұхбаттасула, кеңес беру, сұрақ-жауап сияқты жұмыстардың көбірек жүргізілгені дұрыс. Суицидке баратын адамдар көбінесе ішкі жан



күйзелісін басынан кешіреді немесе қатты стресс жағдайында болады, сонымен қатар психикалық ауырулармен, көңіл күй бұзылыстарымен, әсіресе депрессиямен зардап шегеді және болашақ өмір қызықтырмайтын болып келеді. Жастар арасындағы суицид мәселесін зерттегенде анықталған: тұтастай алғанда көп жағдайларды жасөспірімдер ата-аналарының, мұғалімдердің назарын өз мәселелеріне аудару мақсатында өзіне өзі қол жұмсауға шешім қабылдайтыны және осындай келеңсіз түрде үлкендердің селқостығы, парықсыздық, арсыздық және қатыгездігіне қарсылықтарын білдіреді. Мұндай қадамға көбінесе тұйық, жаны жараланғыш, жалғыздық сезімнен,өзінің керексіздігінен стреске берілгіш және өмірден түңілген жасөспірімдер барады. Суицид – бұл қашып кетумен теңелетін жай, проблеманы шешуден қашу,біздің өміріміздің әралуандығын кұрайтын жаза және абыройсыздық,қорлау және үмітсіздік, түңілуден, қазадан, көңілі қалғандықтан, өзіне-өзі құрметі жоғалғандықтан қашуды білдіреді. Сондай ауыртпалықтар оларды эмоциялық және дене күйзелісіне ұшыратады, сондықтан да олар өлім осы күйзелістен құтқарады деп ойлайды. Жастардың өзара қарым-қатынысы бұзылғандар, «жалғыздыққа» ұшырағандар, күш көрсетуді әдет қылған девианттық немесе қылмыстық қылықтарымен ерекшеленетін ішімдік немесе есірткі қолданатындар; Өзін тым қатты сынауға алатындар; Жеке басының қорланғанын немесе қайғылы жағдайды басынан өткізген жандар; Өмірде алдына қойған табыстары мен күткен жетістіктерінің сәйкес келмеуінен уайымға салынған жасөспірімдер «Үздік» синдром; Ауыр науқастан немесе айналасындағылардың сырт айналуынан күйзелген жандар; Өзін өлтіру жайлы әңгімелер (мысалы,«мен оданда өзімді өлтіремін»); Осы тақырыпқа дауыстап қиялдану; «Менің ешкімге керегім жоқ», «бәрібір мені ешкім сағынбайды» деген тақырыптармен мазаны алуы;

Жүйкесі шаршағанадамдар қандай да болмасын істі күрделі деп санап, оны бітіру үшін көп күш жұмсайды. Кішігірім мәселелерге назар аудармай, ең маңыздысынан бастаңыз. Ал ұсақ-түйекке жеткен кезде олар сізге соншалықты жеңіл көрінеді. Суицидке бет алған адамға: «Ойлан, сенің өлімің жақындарыңа қандай қайғы әкеледі», - деп айтқанша, оның ойына мүмкін әлі келе қоймаған басқа шешім туралы ойлануды сұраңыз. Сіз ол адамның жан жарасын білдіретін сөздерін,мейлі ол уайым, қайғы,кінә,қорқыныш немесе ашу-ыза болсын, тыңдай білсеңіз, оған баға жетпес көмек бергеніңіз. Бүкіл дүниежүзі көтерген мәселе өз-өзіне қол жұмсау. Әсіресе,



жасөспірімдер, кәмелетке толмағандар арасында. Бұндай жағдайда бір ғана адамның бақылауымен ештеңе шықпауы мүмкін, бұл мәселеде қоғам болып ат салысуымыз керек. Қай жағынан қарасақ та бұл – қате шешім өткінші стресс. Дін жағынан қарасақ та, Алланың берген өміріне мүлік сияқты қарауға болмайды. Алла тағала дене бітімді қандай әдемі, тап-таза етіп жаратса, солай аманатқа қиянат жасауға болмайды.

ӘОЖ 331.56(574)

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Борамбаева А., Спанов М.Ж.

Кез келген қоғамдағы экономикалық даму барысында тұтыну тауарларының сұранымы құрылымында және өндіріс технологиясында маңызды өзгерістер болады. Бұл өзгерістер өз кезегінде жұмыс күшіне жалпы сұранымның құрылымын да өзгертеді. Осындай өзгерістерге байланысты кәсіптердің кейбір түрлері азаяды не қысқарады, ал басқа бір түрлері көбейеді. Қоғамдағы жұмыссыздықтың пайда болу себебі, жұмыс күшінің осы өзгерістерге баяу ыңғайланатындығына және оның құрылымының нақты жұмыс орнына сай келмейтіндігіне байланысты болады. Экономикалық дағдарыс (экономикалық дамудың құлдырауы, тоқырау) елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың елеулі бөлігінің бостан босқа уақыт өткізуіне әкеліп соғады, ал мұндай жағдай олардың біліктілігінің жоғалуына, адамгершілік қадір-қасиеттің азғындауына, әлеуметтік және саяси жанжалдарға апарып соқтырады. Жұмыссыздық – барлық қоғамда болып тұратын құбылыс. Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 2015 жылдың қаңтарында 5%-ды құрады. 2015 жылғы қаңтарда жұмыссыздар саны, бағалау бойынша 459,2 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі 5,0% құрады. Жұмыспен қамту органдарында 2015 жылғы қаңтар айының соңына 47,3 мың адам («Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасына қатысатындар құрамына енгізілген тұлғалардың есебінсіз) ресми тіркелген. Ваучерлік жүйе- бұл жүйеге тоқталтын болсақ, мектеп бітірген оқушылардың грант немесе ата-анасы қалаған мамандыққа емес өзіне ұнайтын болашақта қоғамға керекті мамандыққа оқуға мүмкіндік береді. Мектеп бітірген кезде балалар алынған ҰБТ нәтижесінен белгелі бір мөлшердегі ақша



«ваучер» (сертификат) алады. Ол ақша тек жоғарғы оқу орынына немесе орта білім бертетін оқу орындарына ғана жарамды, жәнеде ваучерлік жүйеде стипендия сабақ үлгерміне байланысты беріледі. Сауалнамаға келетін болсақ 22 адамнан алынған болатын соның нәтижесі бойынша: Сұрақ тізімі: Ваучер жүйесін енгізу тиімді ме?; Сіздің ойыңызша ҚР-да дипломмен жұмыс табу оңай ма?; Қазақстанда сапалы мамандар жеткілікті ме?; КСРО кезіндегі завод, фабрикаларды іске қосу қажет пе?; Орта жастағы адамдардың жұмыссыздығы жоюға бола ма? Сауалнамада 1 сұраққа 22 адамның 15 «Иә» деген жауап берді, пайыздық көрсеткішпен 77%. 2 сұраққа 3 адам «Иә» деген жауап берген болатын, ал 3 сұраққа 10 адам «Иә» қалған 12 «Жоқ» деп жауап қайтарды. 4-ші сұраққа келетін болсақ 14 адам «Иә» деген жауап қайтарды. 5-ші сұраққа 22 адамның бәрі «Иә»,егер жақсы жобалар іске қосылса деген жауап қайтарды.

Қазақстан Республикасы қазіргі таңда дамушы елдің қатарында болып келеді. Неге біз дамыған АҚШ, Еуропа мемлекеттері сияқты дамыған жоқпыз деген сұрақ? Елдің экономикасын өсуі әлемдік нарыққа шығумен өсе ме? Әрине елдің экономикасы әлемдік нарыққа шығумен өсе деі. Шикізат өндіріуден Қазақстан әлемдік жетекші орындарда тұр. Бірақ оларды қайта өндеп, өзіміздің шикізатты дайын өнімде шетелден қайтадан айтарлықтай қымбат бағаға сатып аламыз. Біз бұл жағдайдан әрине екі-үш есе ұтыламыз. Сол себепті еліміздегі жұмыссыздық жою үшін Кеңес Одағы кезіндегі завод, фабрикаларды қайта іске қосу керек. Мамандарды қайта аламыз деген сұраққа ваучерлік жүйе көмек береді деген ойдамын. 35-63 жастағы адамдардың жұмыссыздығы да бар оларды саның азайту үшін арнайы заводу, фабрика, цехтарға арналған курстар жүргізу керек. Қарапайым Жамбыл облысындағы заводтарды алып қарайық мысалы сахзавод, қазіргі таңда сахзавод жұмыс істеуде бірақ жанындағы спирт завод жұмыс істемейді. Қантты өндеу барасында біз спирт алуымызға болады. Жамбыл облысындағы жұмыссыздар саны азаяр еді. Неге бізге оны қайтадан іске қоспасқа. Кожкамбинат, Элеватор, Пивзавод, Винзавод сияқты заводтармызда жұмыс істемейді, солардың бәрін іске қосса жұмыссыздық азаяр еді. 35-63 жастағы адамдарға жұмыспен қамтыуға тамаша мүмкіндік болатын еді. Біз қазіргі таңда Жамбыл облысымен ғана шектеліп отырмыз, жақында Маңғыстау облысындағы түйе жүнінің өнделмейтін кәсіп орын болмағандықтан Қазақстанда жылынына 100 тонна түйе жүні далаға кететіні белгілі болды. Осының бәрін ескере отырып жұмыс орындары ашылса Қазақстандағы жұмыссыздық саны азаяр.

ӘОЖ 316.356 2(075)

ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ДЕВИАНТТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Акимжан А., Еменова Г.Б.

Ерекше құбылыстар тәрізді, жастар субмәдениеті жастардың физиологиялық акселерациясы олардың әлеуметтенуі кезеңінің бірден артуымен қатар жүретіндігімен байланысты да туындайды. Бұл дәуір талабына сәйкес келетін білім мен кәсіби дайындыққа кететін уақытты арттыру қажеттілігімен байланысты. Қазіргі кезде балалар сәби болудан ерте қалады, алайда, әлеуметтік статусы бойынша ұзақ уақыттар бойы ересектер әлеміне жатпайды. Балалық шақ-экономикалық белсенділік және дербестік әлі де толыққанды жетілмеген уақыт. Егер біліммен қанығу тұрғысынан адам әлдеқайда ерте жетілсе, онда қоғамдағы орны, өз ойын айту мүмкіндігі тұрғысынан - оның ересектігі ары жылжиды. Мемлекеттің социомәдени ерекшеліктері жастарға бірінші кезекте әсер етеді, өз кезегінде, «жастар» ұғымы нақты-тарихи ғана емес, социомәдени де ұғым болып табылады; ол міндетті түрде өзіне этномәдени сипаттағы аспектілерді де қосады.

Қоғамдық жаңарту кезеңінде Қазақстандағы әлеуметтік саяси, экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл дегеніміз қоғамдағы мектеп, отбасы орны, оның басты міндеті – бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы, тәрбиесі басты назарда болып келеді. Қазақстан Республикасы Ата заңының 27 бап, 2 – тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» делінсе, «Қазақстан-2030» бағдарламасында «Әкелер мен аналар аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауы» туралы ескертілген. Бұдан әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуіне қоғам алдында өз жауаптылығын түсінуі керек. Яғни, басты мақсаты психологиялық,



физиологиялық денсаулығын қалыптастыру болу керек. Өйткені Қазақстанның болашағы келер ұрпақта болғандықтан жастардың психологиялық, физиологиялық денсаулығы халықтың өсімі мен сапасын анықтайды. Осы тұста келер ұрпақ тәрбиесінің салауаттылығын қамтамасыз ету ең алдымен отбасы, мектеп тәрбиесі жайында қолға алынуы тиіс. Өкінішке орай, қазіргі таңда болып жатқан қылмыс, бұзақылық, ұрлық, зорлық – зомбылық, жеткіншектер арасындағы суицидтың көбеюі, үйден кету, қыздардың жеңіл жүрістері, бастауыш сыныптағы балалардан ақша алу тағы басқа болып жатқан қылмыс айыптыларының басым көпшілігі 11-18 жас аралығындағы жеткіншектер екенін көрсетіп отыр. Дәлірек тоқталсақ, 14 жастағылар – 11%, 15 жастағылар – 7%, 16-17 жас аралығындағылар – 42%, көбіне көп 14 жасар балалар қылмыстық істерді топтасып жасайды. Ал қыз балалар тарапынан жасалған жалпы қылмыстың 5% құрайды. Бұл дегеніміз, қазіргі нарықтық қоғамдағы адамдар арасында қарым-қатынас пен психологиялық қысым, әсіресе, жас буын психологиялық денсаулығының бұзылуына алып келуде. Қазақстан Республиканың өзінде, тіпті әлемдік деңгейде халқымыздың психологиялық, физиологиялық денсаулығын сақтау адамзат алдында тұрған үлкен мәселе болып отыр. Ал өзін - өзі өлтіруден дүние жүзі бойынша Қазақстан алдыңғы орында тұрады екен. Ол әсіресе, 15-18 жас аралығындағы қыз балалар арасында көп орын алатынын статистикалық мәліметтер дәлелдейді.

Сонымен қатар, әлеуметтік ортаның ықпалын былай қойғанда, тәрбиелі мақсатты түрде ұйымдастыратын әлеуметтік институттардың бірі мектептің өзінде жеткіншектердің мінез-құлқы мен іс-әрекетін қадағалау қиынға соғып отыр. Оған дәлел, ең көп стресс алатындар мектеп жасындағы балалар екендігі анықталған. Қорыта келгенде, жоғарыда шолу жасалған мәселелердің шешімі – психодиагностикалық әдістерді мен түзету жолдарын өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып таңдау қажет, себебі қандайда бір іс-шараны қолданарда әр адамның жеке және жас ерекшеліктерімен қатар, ұлттық ерекшеліктерді ескеру айтарлықтай нәтиже бермек.



ӘОЖ 323(574):1

ЯДРОЛЫҚ ҚАРУСЫЗ ӘЛЕМ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ МҮДДЕСІ

Өзбек М., Еменова Г.Б.

XXI ғасырдың соңғы онжылдығының аяғында Қазақстан әлемдік қауымдастықтың беделді, мойындалған қатысушысына айналды. Алайда бұл нәтиже орасан зор күш пен қызу жұмысты талап етті. 1990 жылдың басында, яғни КСРО құлағаннан кейін Қазақстанның жағдайы мүлдем басқаша еді. Өзіндік сыртқы саясатқа алғышарттар егемендік алғаннан кейін қалыптаса бастады. 1990 жылдың 25 қазанында Қазақ КСР Жоғары Кеңесі елімізді халықаралық құқықтың субъектісі ретінде анықтайтын «Мемлекеттік егемендік туралы» декларация қабылдады. Бұл тарихи құжатта: «Қазақ КСР-і, халықаралық қатынастардың тәуелсіз субъектісі, өз мүддесіне сәйкес сыртқы саясатын анықтау, дипломатиялық және консулдық өкілдіктермен алмасу, халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу құқықтарына ие», – деп көрсетілген.

1990 жылдардың басында, аз ғана тарихи кезеңде Қазақстан сыртқы саясат саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді: Қазақстанның егемендігі әлемнің барлық елдерімен және халықаралық ұйымдарымен мойындалды, көпвекторлы сыртқы саясат қалыптасты, әлемдік қауымдастықта елдің беделі артты.

Көптеген объективті және субъективті факторлардың ықпал етуімен Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін аз ғана тарихи мерзімде халықаралық аренада мықты позицияларды иемденді. ТМД-ның басқа мемлекеттеріне қарағанда Қазақстан Республикасы ұлтаралық және конфессияаралық шиеленістерге бой алдырмады. Көпұлттылық пен көпконфессиялылықты қазақстандық қоғам кемшілік емес, басымдық ретінде қабылдады.

Бүгінгі таңда әлемде жаңадан геосаяси және геоэкономикалық жағдайлар туындап жатқандықтан Қазақстанға өзінің әлемдегі орнын қайта қарауға тура келеді. «Жаңадан» туындап жатқан факторларға мыналарды жатқызуға болады: Қазақстанда өтпелі кезеңнің аяқталуы; Қазақстанның аймақтық ықпалының арта түсуі;



Орта Азия мен ТМД мемлекеттерінде ықпалдасу үдерістерінің анықталмауы және аяқталмауы; әлемде геосаяси жағдай мен халықаралық орталық күштер тепе-теңдігінің өзгеруі; жаңа қауіптер мен талаптардың пайда болуы; әлемдік экономикада өткір дағдарыстық құбылыстар.

Қазақстанның халықаралық жағдайы мен қауіпсіздігінде көрініс табатын геосаяси өзгерістер нақты нысанда мыналардан туындайды: АҚШ-тың геосаяси артық тырысуына алып келген саяси Батыстың әлсіреуі, американдық экономикалық жүйенің имманенттік мәселелері, доллардың рөлінің төмендеуі, ЕО-тың кеңеюіне алып келген Еуропалық одақтың институционалдық және құрылымдық мәселелері.

Күштердің жаңа экономикалық орталықтарының алдыңғы жоспарға өтуі (көбінің Қазақстанға жақын орналасуы), Ресей, Қытай, Үндістандар Қазақстанға жаңа болашақ пен талаптар туралы ойлуды мәжбүр етеді. Сонымен қатар Орталық Азияға геосаяси жақын территорияларда (Иран, Пәкістан және т.б.) демографиялық және экономикалық өсім болып жатқандықтан, бұл жағдайлар Қазақстан мен ОА жағдайында көрініс алмай қоймайды.

Бүгінде халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайтуда Қазақстанның жетістіктері мен үлесін ешкім жоққа шығармайды. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың көпвекторлы сыртқы саясаты Қазақстанға әлемде толық құқылы, құрметті және маңызды ойыншы ретінде танылуға мүмкіндік берді. Жас мемлекеттің қарқыны, өзін-өзі қалыптастыруы халықаралық қауымдастықпен жоғары бағаланып отыр. Ол өз кезегінде Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияның ағылуына, сонымен қатар Астананың көптеген сыртқы саяси бастамаларының жүзеге асуына жол ашып отыр.

Егер Қазақстанның өндірісте, ауыл шаруашылығында және ғылым мен білімдегі жетістіктері кеңес дәуірінен белгілі болса, ал тәуелсіз тарихымыздың сыртқы саяси парақтары мүлдем жаңа әрі таза беттен басталып жазылып жатыр.

ӘОЖ 316.3562(075)

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОТБАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Айтөре А., Еменова Г.Б.

Отбасы мәселесі жеке адамды да, қоғамды да, мемлекетті де ойландырады. Отбасы мен неке адам баласының дүниеге келуімен, оның өсіп, қалыптасуын қамтамасыз етіп отырғандықтан, ол адамзат тарихының даму кезеңдеріндегі шешуші факторлардың бірі болып табылады. Мұның өзі отбасы мен неке тұрақтылығының үлкен қоғамдық мәселе екендігін айқындайды. Сондықтан отбасын адамзат тағдырының «зертханасы» деп атайды, ол тек жеке бастың ғана емес, сондай-ақ халықтық, қоғамдық, мемлекеттік мәселе болып табылады. Отбасының қызметін басқа ешқандай әлеуметтік институт орындай алмайды.

Бүгінде Қазақстандық отбасының проблемасы күннен-күнге арнайы кәсіби мамандарға ғана емес, барлығымызға айқын байқалып келеді.

Отбасы, әлеуметтік институт болғандықтан, сөзсіз, қоғамның ықпалында болады. Отбасының өзгеруінің заңдылығы жалпы қоғамда болып жатқан өзгерістермен бағыттас. 20-шы ғасырдың ортасынан бастап қазақстандық отбасы институты елеулі өзгерістерге ұшырады. Ғұмырлық некеге тұрақтылықтан бас тарту, айырылысу мен некенің бұзылуы, ұрпақты тәрбиелеудегі риясыз қарым-қатынастан бас тарту, толық емес отбасы мен өгей ата-аналы отбасы санының артуы, баланы алдырып тастау мен некесіз бала туу, тастанды балалар мен тастанды қарттардың мәселесі, жасөспірімдер арасындағы суицидтің көбейіп бара жатқандығы байқалады.

Отбасының тұрақтылығы мен беріктігі әр кезде өзгеріп отырады. Оған әсер ететін әлеуметтік мәселелер, құқық, дін, қоғамдық пікір, психологиялық факторлар, экономикалық ынта. Отбасының негізгі қызметтерінің іске асуы көптеген факторларға: саяси – экономикалық, рухани жағдайына некеде тұрған азаматтардың білім дәрежесіне, мәдениетіне, өмір-салтына, олардың құндылық бағыттарына т.б. байланысты. Сондықтан отбасы қоғамдағы барлық институттардың тұрақты назар



аударатын мәселесі, мұнсыз, яғни отбасынсыз ешқандай қоғам болуы мүмкін емес.

Сондықтан да жастар арасында отбасының беделін көтеру, неке-отбасы қарым-қатынастарын нығайту үшін ұлттық неке мен отбасы құндылықтарын насихаттау. Адамгершілік құндылықтарды жаңғырту және отбасы мен некенің дұрыс бейнесін дәріптеу. Жастардың қалыптасуындағы, яғни әлеуметтенуінде отбасының рөлі мен маңыздылығын анықтау. Қазіргі неке-отбасы институттарының іс-әрекеттеріне көптараптық ғылыми, тарихи талдау беру және жастардың қалыптасуындағы олардың рөлін барынша ашу болып табылады. Толыққанды отбасын қалыптастыру үшін бүгінгі тәрбие берудің негізгі міндеттерінің өзі дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, парасатты, еңбекқор, іскер, бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Ондай адамды тәрбиелеу үшін жастардың санасында отбасы туралы дұрыс пікір қалыптастыру керек. Әсіресе, жастардың санасында отбасының беделін көтеру, неке-отбасы қарым-қатынастарын нығайту, неке мен отбасы құндылықтарын насихаттау. Адамгершілік құндылықтарды жаңғырту және отбасы мен некенің жағымды бейнесін дәріптеу қажет.

Әлеуметтану ғылымының негізін қалаушы ғалым О.Конт қоғамды зерттеу үшін ең алдымен отбасына көңіл бөлу керек деп есептеген. Отбасы - қоғамның ажырамас ұяшығы және оның маңызын төмендету мүмкін емес. Отбасы - бұл нәтиже және үлкен шамадағы өркениет жаратушысы. Отбасы - қоғамның әлеуметтік және экономикалық дамуының маңызды бастамасы. Отбасы діннен, мемлекеттен, армиядан, білімнен, нарықтан әлдеқайда бұрын пайда болды. Сондай-ақ таяу болашақты да осы бір маңызды әлеуметтік ортасыз көзге елестету мүмкін емес. Отбасы жөніндегі үрейге барлық негіздемелер жеткілікті. Отбасылардың ажырасуының көбейе түсуі, рухани-адамгершілік қатынастағы қайшылықтардың күшеюі осы мәселені нықтай түседі. Қорытындылай келе заңды неке институтына жан-жақты қолдау көрсету, отбасы құндылықтарын нығайту, оның абыройын көтеру әрқайсысымыздың яғни барша қоғамның басты міндеттерінің бірі болып табылады.

ӘОЖ 93(572)1

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бейсенбі Н., Кульбаева Д.Д.

Дағдарыстың ең қауіптісі — саяси, экономикалық, әлеуметтік дағдарыс емес, рухани дағдарыс. «Қатарынан 40 жыл соғыс, 40 жыл аштық болмайды» деген халқымыздың басындағы бүгінгі күнгі экономикалық, тұрмыстық қиындықтар әлі-ақ өтеді.

Түптің түбінде жамау жаңарады, жара жазылады, өкпе басылады, көйлегіміз көк, тамағымыз тоқ болады, аштан өлмеспіз, көштен қалмаспыз. Ал бүгінгі қазақтың қайғы-қасіреті, трагедиясы рухани дағдарыс, рухани азғындау, адамдарды аздырып, тоздыруда, барлық адами, қазақи қасиеттерді құнсыздандырып, жақсылық атаулыдан жұрдай қылып, адамды құлқынның, нәпсінің құлақ кесті құлына айналдырып барады.

Қазіргі заманда ұрлық-қарлық, зинақорлық, нашақорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, өтірік-өсек, көзбояушылық, әділетсіздік, ретсіздік, жөнсіздік, қатыгездік, заңсыздық, алдау-арбау, зорлық-зомбылық, сыбайластық, жемқорлық, жікшілдік, жершілдік, рушылдық, топшылдық, қаншылдық, имансыздық, ұятсыздық, геометриялық прогресспен өсуде.

Аса қауіпті де, қайғылы да, қасіретті де жағдай әрбір ата-ананың бауыр етінен жаралған балаларының әке-шешелерін бақпай-қақпай қарттар үйіне апарып тастауы, сондай-ақ тірі әке-шешелері бола тұра балаларын жетімханаға апарып тастауы немесе тіптен көшеге тастап кетуі секілді санамызға сыймайтын, ойымызға орнықпайтын оғаш оқиғалар жиілеп барады.

Елімізде 66 қарттар үйінде 7747 панасыз қария өксігін жұтып, өлместің күнін кешуде. Олардың қатары бір жылда 2387-ге өскен. Басқа түгілі өзінің ең жақыны, ең жанашыры өзіне өмір сыйлаған әке-шешесіне, бауыр етінен жаралған баласының осындай сатқындық жасауы келешек ұрпақ, халық, қоғам, мемлекет үшін аса зор қауіпті құбылыс.

Оның үстіне 30 мың сенімсіз, келешегі жоқ отбасыларында 2 баладан, барлығы 60 мың баланың өмірі, келешегі бұлыңғыр. Дүниеге келген балалардың 40 пайызы ауру, жастардың 80 пайызы әскер қызметіне жарамсыз. Әрбір жүз мың жастың 62-сі, жалпы



20 000 адам ВИЧ ауруымен ауырады. Баланың бір тамшы көз жасы әлемнің бар құндылықтарынан артық.

Еліміздің иесі де, киесі де жастарымыздың жағдайы осындай болғанда біздің келешегіміз, болашағымыз қандай болмақ?

Бүгін туған әке-шешесін, баласын айдың күні аманда, ел аман, жұрт тынышта қысылмай-қымтырылмай, қиналмай сатқан адам, ертең халқын да, елін де, жерін де, отанын да ойланбай сатпасына кім кепіл?

Мұндай жаппай азғындау еш заманда, еш қоғамда, еш жерде, ешқашанда жақсылықпен аяқталған емес. Халқымыздың рухани жағынан осыншама азғындау қарқыны ұлттық, мемлекеттік қауіпсіздігімізге қауіп төндірмесе болғаны. Осыншалықты зиянды, қайғылы, қасіретті, қауіпті жағдайлармен күресуде, алдын алуда, болдырмауда мемлекет тарапынан экономикалық, саяси, рухани, әлеуметтік, құқықтық, тәртіптік, тәрбиелік шаралар жеткіліксіз, пәрменсіз жүргізілуде. Мемлекет, қазіргі қалыптасқан қоғамдық жүйе бұл тарихи, тағдырлы мәселелерді оң шешёуде дәрменсіздік көрсетуде.

Енді не істеу керек? Бүкіл ел, халық, қазақ болып, басшымыз бен қосшымыз, үлкеніміз бен кішіміз болып жоғарыда айтылған, әлі де айтылмаған қауіпті індеттердің, оқыс оқиғалардың, теріс процестердің табиғатына, өсу қарқынына, салдарына жауапкершілікпен, жанашырлықпен, терең талдау жасап, жан-жақты ойластырылған батыл, жедел де төтенше, қатаң да қатал, аяусыз, ымырасыз кешенді шаралар қолдануымыз қажет.

Әр ұлттың өз болмысы өз ерекшеліктері бар. Оның әрқайсысы бүкіләлемдік, бүкіладамзаттық мәңгілік құндылық, құбылыс, болмыс болып табылады. Олардың ешқайсысын да еш жерде, еш заманда, еш қоғамда, еш жағдайда құртып, жойып жіберуге болмайды. Ол үшін кең-байтақ жерімізге, ұшан-теңіз жерасты, жерүсті байлығымызға еге болу үшін: оның игілігін, рахатын көру үшін қазақ халқы сан жағынан жедел, шұғыл өсуі керек. Демографиялық көрсеткіштерді бір пайызға көтеру үшін, экономикалық көрсеткіштерді 4 пайызға көтеру керек.

ӘОЖ 298.1.3

ҚЫЗ ТӘРБИЕСІ – БОЛАШАҚ ҰЛТ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

Қонарбай Ұ., Кульбаева Д.Д.

Қазіргі заман қыз бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі, қыз баланы тәрбиелеу деген сөз – ұлтты тәрбиелеу деген сөз. Отбасы – қоғамның бір бөлшегі. Ал отбасының алтын қазығы – әйел адам. Бесігінде жақсы тәрбие алған, үлгі-өнеге көрген қыз бала ержеткенде сол әдетін сақтайды. Бұл бағыттағы жұмыстардың көпшілігі ата - аналармен қоян-қолтық араласуды тікелей қажет етеді. Ақыл да анадан дариды, дана да әйелден туады. Бүгін ол қыздар өнегелі тәрбие алса, ертең ұрпақ тәрбиелейтін қазақтың дана аналарына айналары сөзсіз. Қазақ халқының мақсаты – әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, қыз балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы, шаңырақтың құт-берекесі екенін ұғындыру, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа, мейірімділікке, төзімділікке, шыншылдыққа тәрбиелеу. Қыздың бойжетуі, яғни, жан-жақты жетіліп, белгілі дәрежеде өмір тәжірибесіне ие болуы заңды құбылыс.

Ыбырай Алтынсариннің әңгімесінде жасынан отбасы тәрбиесін көрген бала үлкен азамат болғанда, өз мәнінде өмір сүруге бейім болады деген нақты тұжырымы бар. Ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова: «Қыз баланың мына өмірдегі міндет-парызының жүгі ауыр, әрі ардақты. Ол – адамзат ұрпағын өмірге әкелетін болашақ ана, үй ұстап, жар күтетін адал жар, ата-ене сыйлап, иілетін қамқор келін. Ол осыны қаласын-қаламасын, бұл – өмір заңы» – деген. Баланың алғашқы тәрбие алатын орны – отбасы. Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысы қалыптасады. Тәрбие – күрделі үдеріс. «Тәрбие отбасынан басталады» деп халық даналығы бекер айтпаған. Саналы да, білімді болашағын қалыптастыру әрбір ата-ананың мерейлі міндеті, парасатты парызы. Ата-бабамыздан қалған ұлттық тәрбиемізге дақ түсірмеу үшін барлық қажетті жауапкершілікті ата-ана өзіне алғаны жөн, себебі бала ата-ананың өмірінің жалғасы. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деп өткен ғасырдың



ұлы тұлғасы А.Байтұрсынұлы айтқандай, баланың болашағына толғанар ел, ойланар отбасы қалыптасса елдің болашағы зор болмақ. Ата-аналардың оқу мен тәрбие үдерісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса жемісті болады. Ұрпақ тәрбиесі ұлағатты болу үшін, отбасындағы ата-ана берген тәрбие мектепте жалғасын тауып, кішкентай бүлдіршін сапалы азамат болып қалыптасу үшін мектеп, мұғалім және тәрбиеші жауапты зор міндетті атқарады. Ең бастысы – бала ата-ананың оның оқудағы жетістіктеріне қызығушылығын сезінуі керек.

А.С.Макаренко «Ата-аналарға арналған кітабында» «Бала тәрбиесінде сіздің іс-қимылыңыздың өзі шешуші рөл атқарады. Сіз тәрбиені сөз арқылы немесе үйрету, бұйыру арқылы іске асырамын деп ойламаңыз. Тәрбие өмірдің әр сәтінде іске асады. Тәрбие сіздің қалай киінетінііз, сөйлейтінііз, қалай күлгенііз, осы іс әрекеттің барлығы бала үшін өте маңызды. Ал отбасында сіз дәрекілік көрсетіп, жұбайыңызды жәбірлесеніз осы ісіңізбен сіз балаға жаман тәрбие бересіз», – дейді. Баланы жанұяда дұрыс тәрбиелеу, оның мектепте жақсы оқуына, болашақта жақсы азамат болып шығуына үлкен ықпалын тигізеді. Еліміздің болашағы – ертеңгі тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ екені даусыз. Баланы мектепке апарып алып қайтар жолда сырласып әңгімелесуге болатынын естен шығармаған жөн. Бала мектепте болған жайды әңгімелеп, достары жайлы ой пікірімен бөліскісі келеді. Балаға уақытым жоқ деп тиып тастамай, сұрақтарына жауап беріп өз пікіріңізді ортаға салсаңыз ол баланың ойында дұрыс пікір қалыптастырады.

Қай заман, қай қоғамда болмасын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән беріп келген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен жастарға оқу білім беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Сондықтан да Елбасымыз ХХІ ғасырды білім жарысы ғасыры деп атап отыр. Тәрбиенің мақсаты пәнді керемет меңгерген оқушы тәрбиелеу емес, ең бастысы адамды тәрбиелеу.

ӘОЖ 331.56

ЖАСТАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ «БОЛАШАҒЫ ЖОҚ ДИПЛОМ»

Сандибекова Л., Алтынбекова З.Т.

Жастарға қатысты мәселелер қашанда бірінші кезекте болуы және бәрімізді де толғандыруы тиіс. Себебі ел ертеңі жастардың тұлға ретінде қалыптасып, белгілі бір мамандықтың иесі болуы өте маңызды. Өйткені нарық экономикасы басталған тұста оқи алмай қалған немесе өздері де оқуға жеткілікті мән бермеген кейбір жастар қазір бірі базарда, бірі «таксист» болумен күн көріп жүр. Жастар масылдыққа бой алдыратын болса, мемлекеттің болашағы қалай болмақ! Статистика агенттігінің 2016 жылғы мәліметі бойынша, еліміздегі жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрапты. Екі қолға бір күрек таппай жүрген жастарымыздың дені 18 бен 29 жас аралығы.

Елімізде жұмыссыздықпен күрес қызу жүргізілгенімен, бұл мәселе әлі күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ. Қазіргі уақытта жұмыссыздық дерті тек қазақ қоғамын ғана емес, әлем елдерін алаңдатып отыр. Ал Қазақстанда жұмыссыздықтың салқыны ең әуелі жастарды шарпуда. Соңғы жылдары елімізде екі қолға бір күрек таппай жүрген жас мамандар қатары көбейіп кетті. Бұған не себеп? Жастардың жұмыссыз қалуына кім кінәлі? Әлде жастардың жұмыссыздығына олардың жалқаулығы әсер етеме?

Ең сорақысы, жұмыс істеуге ниет білдірген, университетті енді ғана аяқтаған жас мамандардан жұмыс берушілер бірнеше жылдық тәжірибе талап етеді. Дипломын бүгін ғана қолына алған маманда қандай еңбек тәжірибесі болуы мүмкін?! Тағы бір айта кетерлік жағдай, қаншама жыл жұмыс істеп, зейнетақыға шыққан ағаларымыз бен апаларымыз жастарға неге орындарын босатпайды? Әрине, ағаларымыз бен апаларымыздың осыншама жыл қызмет істегеніне басымызды иеміз. Талай жерде куә болдым, зейнетақы ала тұрып, әлі күнге дейін жұмыс орнын босатпай жүргендер бар. Алматы қаласының бір өзінде қаншама жоғарғы оқу орындары бар. Өздеріңіз ойлап қараңыздар, әр оқу орындарынан жылына қаншама жастар жоғарғы білім алып шығады, яғни бір-бір



маман иесі деп айталық. Солардың тең жартысынан көбі әлі күнге дейін жұмыссыз жүр.

Елімізде жастарды қолдауға бағытталған «Дипломмен ауылға» жобасының орны бір бөлек. Елбасымыз: «Қазір жұмысты қаладан емес, ауылдан іздеу керек», – деген болатын. Қазір қала жастарының көбі жұмыссыз жүр. Дипломмен ауылға барып, ауылдың көркеюіне үлес қосамын деген жастар некен-саяқ. Жасыратыны жоқ, еліміздегі кейбір шалғай ауылдарында бір мұғалім бірнеше қызметті қатар атқарып жүр. Міне, осындай елді мекендерге білімді жастар керек-ақ.

Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту үшін:

- нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту:

- шағын және орта бизнесті дамытуға жағдай жасау;

- шикізаттық емес экспорт көлемін кеңейту;

- шетелдік инвесторлардың сырттан жұмыс қолын әкелуіне де шектеу белгілеп тұрған абзал;

- аймақтағы кәсіби білім деңгейінің қазіргі заман талабына жауап бере алатындай дәрежеге көтерілуін қамтамасыз ету керек;

- еңбек рыногында үлкен сұраныстарға ие мамандықтарды меңгеруге ұмтылған жөн;

- жоғарғы оқу орындарын бітірген жастардың жұмысқа орналасуын қадағалайтын мемлекеттік бағдарламаларды жетілдіру керек.

Жалпы, жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесінің уақыт өткен сайын өзектілігі артуда. Тіпті, ресми орындар да жұмыссыз жастар қатарының артқандығын жоққа шығара алмайды. Жұмыспен лайықты қамтуды қамтамасыз ету – халықты әлеуметтік қорғаудың негізі, адам ресурстары әлеуетін дамыту және іске асырудың маңызды шарты, қоғамдық байлықтың артуы мен өмір сүру сапасын жақсартудың басты құралы.

УДК 101.1

СОВРЕМЕННЫЙ ЧЕЛОВЕК: ЖИВЕТ ИЛИ СУЩЕСТВУЕТ?

Байсалбаева Р., Иманбаев А.А.

Согласитесь, каждый человек хоть раз в жизни задумывается или задает себе вопрос: «Для чего мы живем? Зачем живет человек? Живет ли человек или, может, существует?». Для того чтобы ответить на главный вопрос «Современный человек: живет или существует?», для начала нам нужно разобраться что есть жизнь, а что существование?

Так, Что же есть человек в этом мире? или правильнее, Что есть мир в человеке? Дело в том, что мы чувствуем, в том, что происходит в глубинах нашего сознания. Каждый человек ощущает самого себя, то, что у него внутри, а также окружающую его среду совершенно отлично, от других людей. Тогда как возможно существование чего-либо общего для всех людей? Мы пользуемся определениями и словами при попытке передать то, что хотим, однако данная передача невозможна. Точнее, отчасти возможна, но передавать некому, так как другой человек - ваш слушатель, со своим, пусть даже зрением, которое на одну единицу больше, чем ваше, не способен с точностью понять то, что вы пытаетесь ему донести. Может быть, в чем-то ваши взгляды совпадают, может быть, вы придерживаетесь одних идеалов, но это все шелуха, так как никто и никогда не увидит мир таким, каким его видите вы. Тогда как может существовать абсолютная истина? Как могут существовать какие-либо рамки, под которые можно подстроить людей, явления, предметы? Как вообще может существовать хоть что-то, когда каждый человек понимает, чувствует, ощущает то, что подразумевается под словом "существовать" по-разному?

Человек находится в мире, а мир находится в человеке. Так, некогда атом считался неделимой частицей, самой мельчайшей, но сейчас мы знаем, что атом состоит из электронов, нейтронов и протонов. А из чего состоят электроны, нейтроны и протоны? Края бесконечности достигнуть невозможно. Человек рождается и создает себе мир, который до сих пор никогда не существовал и который прекратит своё существование тогда, когда разум человека затухнет. Человек - это фрактал, это то, что не имеет начала и не имеет конца,



но имеет какую-то точку бытия. Здесь и сейчас. Те люди, что были в прошлом, исчезли, несмотря на то, что наша память хранит их. Они исчезли, потому что мир, который они создали, ушел вместе с ними из нашего трехмерного измерения в какое-то другое, непознанное измерение. Человек – это не отдельная составляющая, а часть единого мира. Но часть подобна целому.

То есть рождение человека, его действия, конец его пути - все это имеет определенную заранее заложенную цель. Иначе, это можно назвать предназначением человека. Теперь встает вопрос о том, может ли человек самовольно менять свое предназначение или же даже самые мельчайшие его действия предопределены. Возьмем в пример человека, который не делает ничего полезного, проводит свою жизнь, вредя себе и окружающим. Это ли его предназначение? Я думаю, что нет. Человек, вне зависимости от судьбы, предназначенной ему, несет ответственность за свои поступки. Каждый из нас, приходит в этот мир не случайно, каждый из нас имеет цель своего пребывания здесь. Цель эта заключается в том, чтобы выполнить свое предназначение. В выполнении данного предназначения заключается наша жизнь, именно жизнь, а не существование.

Таким образом, человек, который от своего предназначения отказывается, который даже не пытается понять, зачем он существует, зачем и почему он находится здесь и сейчас, - не живет, а только лишь существует. Существует, как физическое тело в материальном мире, как точка, которая, лишь только, может перемещаться в пространстве и времени. Да, этот человек отвечает по всем признакам определению слова "жизнь" в словаре, но он не жив, он не живет, потому что мир внутри него умер в тот момент, когда этот человек отказался от своего предназначения. Итак, жизнь и существование - это совершенно разные вещи, это две формы бытия человека в этом мире. При этом, каждый человек, как один из пазлов, складывающих картину мира, складывающих историю, решает для себя жить он будет или существовать? И в заключение я хотела бы процитировать британского писателя, публициста, историка и философа шотландского происхождения Т. Карлейла: «Жизнь достается человеку только один раз; только один раз промелькнет для него маленький проблеск времени между двумя вечностями; вторично нам больше никогда жить не придется! И благо бы нам жить не как глупцам и призракам, а как мудрецам и реальностям».

ӘОЖ 338:008

ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Абжаппарова А., Аймамбетова Ш.Г.

Жаһандану үрдісі бүкіл адамзатты «бір қалыпқа» салғандай әсер етіп жатыр. Өйткені барлығы да компьютерлік есептеуден өтіп, белгілі бір стандарттарға сай болуы керек.

Сонымен қатар бүгінгі адамзат әртүрлі мата қиықтарынан жасалған кәдімгі қазақтың көрпесіне де ұқсас. Өйткені әр елдің, халықтың мыңдаған жылдар бойы жинаған мәдениет үлгілері, тілі, ділі, әдет-ғұрпы бар. Ол оған аса қымбат. Біз оның тіпті бағасы жоқ дер едік, өйткені өз төл мәдениетінен айырылған халық тарих сахнасынан жоғалып кетеді. Ал ондай жағдайдың болуы адамзаттың өшпес күнәсі болар еді. Әр халық басқа елдерге ең алдымен өз мәдениеті, өмір салтымен қызықты. Бүгінгі таңдағы адамзатты шынымен бетоннан жасаған биік ғимараттармен таңғалдыра алмайсың, ол оған таңсық емес. Ал Біржан-сал, Тәттімбет, Сегіз-серінің т.с.с. ұлы перзенттердің өлеңдері, ғұлама Абайдың қара сөздері, көне заманнан сақталған эпос, дастандар оларды, шынында да, таңғалдырып, осындай бабаларымызды тудырған халыққа деген ізгі ықыласын оятатынына біздің күмәніміз жоқ.

Жаһандану үрдісі әртүрлі елдермен жақындасу, бүкіл адамзаттың ортақ тағдырын сезіну, ұлттық мәдениет жетістіктері, жаңа технологиялармен алмасуға әкеледі.

Сонымен қатар жаһандану үрдісі біршама бүкіладамзаттық теріс салдары бар проблемаларды тудырды. Енді оларды қысқаша сипаттайық.

Дамушы елдер үшін жаһандану үрдісі тудыратын мәселелер мен қауіп-қатерлер. Жаһандану үрдістері әртүрлі әлеуметтік және экономикалық даму деңгейдегі дамушы елдерге және халықтарға алуан түрлі әсер етеді. Дамушы елдерге жаһандану дамуға жаңа мүмкіндіктер жасайды. Сонымен қатар, осы елдер үшін аса үлкен қиындықтар да туғызады. Мысалы, дамыған елдермен салыстырғанда, дамушы елдердің артта қалу деңгейі күн санап арта түседі. Ғаламдық нарықтық экономикаға ену үшін дамушы елдерден өз әлеуметтік - экономикалық құрылымын түбегейлі өзгертіп, барынша күш - жігер салуын талап етеді. Халықаралық



нарық толығымен көпұлтты компаниялардың және дамыған постиндустриалды елдердің «ойын ережелеріне» бағынады. Дамушы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы, ғылым, техника және технологиялар деңгейі әзірге өте төмен, ал бұл өз кезегінде олардың дамыған елдермен қатар бір деңгейде әлемдік нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік бермейді. Дамушы елдердің алдында әлемдік ғаламданушы экономикаға кірігу міндеті тұр.

Қазіргі заман жағдайында тілі ретінде ағылшын тілі қызмет ететін, ұлттық мәдениеттен жаһандық мәдениетке ауысу жүріп жатыр. Американдық доллар барлық әлемде қолданылады, батыстық көпшілік мәдениет біздің өмірімізге айтарлықтай еніп келеді. Жаһандану ұлттық тілдер мәртебесінің төмендеуіне, мәдениет аралық өзара байланыстың жалғыз құралы ретінде ағылшын тілін бекітуге әкелуде. Ғаламторға орналастырылған мәліметтердің 80% көбі ағылшын тілдес мәтінде. Тәжірибе басқа тілдердің, соның ішінде БҰҰ ресми тілдері болып табылатын тілдердің біртіндеп өз мағынасын жоғалтып бара жатқанын көрсетуде. Бұл тілдердің таралу аймағы біртіндеп тарылуда, бұл тілде сөйлейтіндер саны азайуда, белсенді қолданылатын сөздік қоры күннен-күнге қорынан айрылуда, ауыз екі тіл мен жазбаша мәтіндер шет тілден енген, көп жағдайда, өз тіліміздің сөз мәдениеті тұрғысынан мағынасыз, кірме сөздермен толығуда.

Ұлттық қайта жандану үрдісі тек қана қазақ тарихына деген қызығушылық негізінде жүзеге асырылуда емес, сонымен қоса өзіндік салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртумен байланысты. Қазақ салт-дәстүрінің қайта жаңғыруы бүгінгі таңда Қазақстанда тарихи жалғастықтың қайта қалыптасуы ретінде қабылданады. Қазақ халқы үшін бұл өте қиын және күрделі мәселе, себебі жоғалған салт-дәстүрді қайта қалпына келтіру туралы мәселенің көтерілуінде болып отыр. Қазіргі қазақтар – бұрынғы малшы-көшпенді халық емес. Алайда, сол уақытта да, бүгінгі таңда да қазақтар бұрынғы өмір салтының қалдығын қажырлықпен талмай күресіп сақтап келеді. Бұл жерде туыстық қатынасқа ерекше мән беріледі.

Қорытындылай келе, Жаһандану үдерісі жедел жүріп жатқан қоғамда өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды, қазақи тәрбиемізді жоғалтып алмай, келешек жас ұрпаққа сеніммен жеткізуіміз керек. Ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, дамытып, өзіміздің қазақ деген атқа лайық мәдениетті, оның салаларын қазіргі жастарға насихаттау керек.



ӘОЖ 323

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ – ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ ТЕҢСІЗДІК БЕЛГІСІ

Балтабаева Д., Омирзакова Д.Д.

Гендерлік саясат – бұл жыныс белгілері бойынша дискриминацияны жою және эгалитарлы қоғамды қалыптастыру үшін жүзеге асырылатын саясат. Сондықтан гендерлік саясат ел дамуының басты бағыттарының бірі және оның кешенді модернизациясы болып табылады. Азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдары мен ұйымдарының өзара ықпал етуінің кешенді механизмін құру гендерлік саясатты және әйелдердің құқықтарын қорғау және халықаралық тәжірибемен алмасудың маңызды тұсы болып табылады. Ал гендерлік теңдік дегеніміз - бұл жынысына тәуелсіз қоғамның саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени саласына қатысу үшін өз мүмкіндіктерін еркін пайдалануға мүмкіндік тудыратын ерлер мен әйелдердің тең құқықтық мәртебесі мен құқықтарын жүзеге асыруда теңдей мүмкіндіктер.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнатады.

Қазақстан Республикасының «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы» Заңында ер мен әйелдің мынандай тең құқықтары мен мүмкіндіктері келтірілген:

- жыныстардың теңдігін қамтамасыз етудің құқықтық базасын қалыптастыру, осы бағыт бойынша Қазақстан Республикасының заңнамаларын жетілдіру және дамыту;
- мемлекеттік органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге, мемлекеттік және салалық бағдарламаларға гендерлік сараптама жүргізу;
- ерлер мен әйелдердің гендерлік теңдігіне қол жеткізуге және жыныстық дискриминацияны жоюға бағытталған мемлекеттік мақсаттық бағдарламаларды өңдеу, қабылдау және жүзеге асыру;
- ерлер мен әйелдердің тең құқықтық мәдениетіне тәрбиелеу және насихаттау, жыныстық белгілері бойынша дискриминацияға



бағытталған ақпараттардан, насихат және үгіттерден қоғамды қорғау шараларын қабылдау;

- мамандық бойынша жұмыстарға ерлер мен әйелдердің теңдей қатысуын ынталандырушы шараларды қабылдау және т.б.

Жалпы, қоғамда «гендерлік саясат», «гендерлік теңдік» туралы түрлі ой-пікірлер қалыптасқан. Міне, осы мәселенің ара-жігін анықтау үшін *әлеуметтік сауалнама* жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша «Гендерлік саясат, гендерлік теңдік» мәселесін сауалнамаға қатысушылардың 60%-ы өте өзекті деп санаса, 20%-ында жауап беруде қиындық туды, қалған 20%-ы мүлдем өзекті емес деп есептейді.

Сауалнамаға қатысушылардың жартысынан көбі жүргізіліп жатқан «гендерлік саясаттың» өзектілігін, маңыздылығын атап өткен. Яғни, қоғамда, қарапайым адамдар арасында әйелдер құқығы мен теңдік мәселесі туралы оң пікір қалыптасып, Гендерлік саясаттың негізгі түйткілді «теңдік» мәселесі оң шешімін тапқан. Бұл нәтижеге жету үшін 2006-2016 жылдар аралығында жүргізілген Гендерлік теңдік стратегиясының маңызы зор.

Жұмысты орындау барысында әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының азаматтарының гендерлік теңдік мәселесіне деген көзқарастары анықталды.

Аталған ғылыми мақалада гендерлік саясат пен гендерлік теңдік ұғымдарына толық түсінік берілді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан гендерлік саясат пен әртүрлі зерттеулер жайлы мағлұмат беріліп, статистика деректері келтіріліп оның қазақ менталитетіне қатысты ұқсастығы мен айырмашылықтары айқындалды. Елімізде жүзеге асырылған «гендерлік теңдік» саясатының нәтижесі қанағаттандыратындық. Шетелдік БАҚ, теледидар және интернет ресурстарында кездесетін ҚР территориясында гендерлік теңсіздік, феминизм мәселесі өршіп тұр деген стереотиптерді жою керек деп санаймын. Себебі, зерттеу жұмыстары көрсеткендей бұл шындыққа сай келмейді.

УДК 321:342.574

ТҰРАҚТЫ ДЕМОКРАТИЯНЫ ЖЕТІЛДІРУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ЖАҒДАЙЛАРЫ

Қалдыбеков Е., Омирзакова Д.Д.

Тұрақты демократияны жетілдірудің мүмкіндіктері мен алғы-шарттары ретінде азаматтық қоғам және құқықтық мемлекет екеуі қатар дамып, өрескел қайшылықтарды бірлесіп реттеп, қоғамның бейбітшілік, прогрестік жолмен дамуына толық мүмкіншілік жасаулары қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясында бұл мәселенің негізгі бағыттары көрсетілген. Оның бірінші бабында азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің ең негізгі қағидалары былай деп жарияланған: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген.

Құқықтық мемлекет – Қазақстанның барлық органдары мен лауазымды адамдарының қызметі құқық нормаларына байланысты, соған бағынышты және соған сәйкес іс-әрекет жасайды. Құқықтың негізгі принциптері: азаматтар үшін – «заңға тыйым салынбағанның бәріне рұқсат етіледі», мемлекеттік органдар мен лауазым иелері үшін – «Заңда нақты не көрсетілсе, соған ғана рұқсат». Құқықтық мемлекетте Заң бір әлеуметтік топтың емес, халықтың шынайы еркін білдіреді. Мұндай мемлекетте заңның рухы үстемдік етеді. Барша адамдар, ең жоғары дәрежедегі лауазым иелерінен қатардағы азаматтарға дейін заңдардың бүкіл халықтың мүддесі, игілігі үшін жасалып, қолданылатынын, заңдар адамдарға қажет қоғамдық тәртіпті орнататынын, адамдарға отбасын құрып, өсіп-өнуге, өзі қалаған жұмыспен шұғылдануға, өздерін еркін сезінуге, қоғам ісіне қатысуға жағдай туғызуы керек екенін түсінуі қажет.

Сонымен Қазақстанда реформаторлық процесс арқылы қоғамның саяси-экономикалық құрылысында көп өзгерістер болды. Қоғамдық ғылымдарда жаңаша ғылыми зерттеулер басталады. Отандық құқықтану, философиялық, экономикалық, саяси ой, сана, пікір құқықтық демократиялық мемлекет туралы ғылымды зерттеуге, дамытуға бет бұрды.

Саяси жаңғырту бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін арттыру.



Қорыта келе ақпаратқа құқық өзінің ең жақсы көрінісімен әлем елдерінің халықтары үшін маңызды әлеуметтік басымдылықты қаматамасыз ететінін тағы да бір рет атап өткім келеді. Ақпаратқа құқық мемлекеттегі үкімет пен бизнес арасындағы тиімді ақпарат ағынын қамтамасыз етуде маңызды рөл ойнауы мүмкін екенін айтудың маңызы аз емес.

Біз әрбір адамның ешқандай кемсітушіліксіз:

- ойлау, ар-ождан, дін және сенім бостандығына,
- өз пікірін айту бостандығына,
- қоғамдастық және бейбіт жиналыс бостандығына,
- жүріп-тұру бостандығына,
- құқылы екенін растаймыз;

Ешкім:

- негізсіз тұтқынға алынбайды немесе қамауда ұсталмайды,
- азаптауға немесе басқа да қатыгез, адамгершіліксіз не болмаса, адам намысын қорлайтын іс-әрекет пен жазаға ұшырамайды;

- сондай-ақ, әркім:

- өз құқықтарын білуге және оларға сәйкес әрекеттенуге,
- еркін және әділетті сайлауға қатысуға,
- қылмыс жасағаны туралы айып тағылған жағдайда соттық істің әділ және ашық қаралуына,
- мүлікке жеке өзі немесе басқалармен бірігіп ие болуға және жеке кәсіпкерлікпен айналысуға,

Демократиялану тиянақ ахуалды білмейтін, ұзаққа созылатын процесс. Қоғам мен адам өмірінің барлық саласында туындап жататын міндеттер комплексін шешімдейтін үздіксіз процесс.

ӘОЖ 215.5

ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА ДІНИ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕСІ

Талғатқызы А., Алтынбекова З.Т.

Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білікті, алғыр әрі жалынды жастар қолында екені даусыз. Қай заманда да қоғамның негізгі қозғаушы күші – кейінгі ұрпақ. Бүгінде тәуелсіз еліміздің іргесін нығайту жолында жас ұрпақты заман көшіне сай қалыптастыру, рухани және адами қасиеттерді орнықтыру басты



мәселелердің бірі болып отыр. Бүгін жұртшылық арасында діннің беделі артуда, діни нанымдар мен діни бірлестіктердің саны өсуде. Біз конфессиялық сан алуандығымен ерекшеленетін әлемдегі санаулы елдің біріміз. Сондықтан, азаматтарымыздың діни сауатты болғаны қоғамның тұтастығы мен тұрақты дамуының кепілі болып табылады.

Дәстүрлі дініміз Исламда жас ұрпақтың санасына ізгіліктің дәнін сеуіп, жеткіншектерді атаның баласы емес, адамның баласы болуға баулу айрықша маңызға ие. «Еліміздің және жастардың ең басты байлығы – сапалы білім», – деп Елбасы атап көрсеткендей, заман талабын ескере отырып жастардың білімін көтеру мәселесі еріксіз назар аудартады. Білімді жастар ғана ел дамуына жол ашады.

Жастардың радикалды діни ағымдарына тәуелділікті қалыптастыруға не ықпал ететінін білген маңызды. Ең жақсы қорғаныс – оны көре алу мен айыра білу қабілетінің болуы.

Ал қазіргі келіп жатқан ислам ағымдары немесе басқа дін ағымдары болсын көздеген мақсаттары басқа сияқты. Өсіп, өніп келе жатқан еліміздің тыныштығын бұзу, арамызға іріткі салу. Мұндай ағымдарға кара домалақ қазақтарымыздың кіріп кетіп жатқаны да қаншама.

Бұл ағымдардың жетегінде жүруіне екі негізгі себепті атап айтсақ болады.

Біріншіден, сауаттылық мәселесі. Яғни діни сауаттылықтың өте төмен болуы. Екіншіден, әлеуметтік жағдай. Материалдық жағынан дұрыс қамтылмаған кедей, мемлекеттен үмітін үзген отбасыларды материалдық жағынан қамтамасыз етеміз деп қызықтыру арқылы өздерінің қатарына қосып жатқандығын айтуға болады. Әрине, елдегі барлық адамды материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз ету мүмкін емес. Бірақ елді діни сауатты етуге болады. Қазіргі діни рәсімдер жасалатын орындарға баратын болсақ, ол жердегілердің басым көпшілігі жастар. Дінге деген жастардың қызығушылығы күннен күнге артып келе жатыр. Енді сол жастарымызға дұрыс бағыттағы діни білім және тәрбие беретін ата-аналардың діни сауаттылығының жоқтығы ащы болсада өмір шындығы.

Жастарымыздың діни сауатын ашу қазіргі кездің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Бейресми деректер бойынша 500 мыңнан астам отандастарымыз секталардан жәбір көрген екен. Ал жастарымыз дәстүрлі емес ағымдардың арасында адасып жүрсе, елдің болашағы не болмақ?! Және сол ағымдарда жүрген жастарымыздан және олардың ұрпақтарынан қандай азамат



шығатындығы айтпасада түсінікті. Сондықтан бұл олқылықтың алдын алу үшін тек кана білімді пайдалану арқылы жеңіске жете аламыз. Қазір Батыстың кейбір елдерінде бұл мәселеге байланысты мектептерде діни білім беру жүйесі қалыптасқан. Осыған орай біздің елімізде мемлекет тарапынан жұмыстар жасалып жатқандығын айта кетуге болады.

Сол себептен замандастарым, дінге бет бұрмас бұрын немесе бір нәрсеге күмәнмен қараған жағдайда, кез-келген адамнан емес, мешіт имамдарымен ақылдасқан жөн болар. Қазіргі ақпараттың жақсы дамыған заманында ақпараттық технологияларды қолданып осы мәселеге байланысты ғылыми-танымдық бағдарламалар жасау, телеарналардан елдегі болып жатқан діни мәселелердің себептерін ашып көрсетіп, елдегі діни ахуал жайлы халықты ақпаратпен қамтамасыз ете алсақ, бұл жүйеде өз жемісін берері сөзсіз. Сонда ғана еліміз өркендеп, көзі ашық, көкірегі ояу сауатты азаматтарымыз көбейіп, қаймағы бұзылмаған мемлекетімізді сақтап қаламыз. Сондықтан қазіргі қоғам халықтың діни сауатты болғанын талап етеді. Бізге діни сауат ауадай қажет екенін түсінетін кез келді. Сөз қорытындысында айтарым Пайғамбарымыз: «Алла тағала сіздің ниетіңіздің дұрыстығына қарайды» деген екен. Ниетіміз дұрыс болсын ағайын!

ӘОЖ 821.512.122

ШӘКӘРІМНІҢ «ҮШ АНЫҚ» ЕҢБЕГІНІҢ ТӘРБИЕЛІК ҚЫРЛАРЫ

Бекболатова А., Мырзабеков Ж.Е.

Қазақ философиясының көрнекті өкілі – Шәкәрім Құдайбердиев. Ол арнайы философиялық трактат «Үш анықты» жазған. Шәкәрім адам және жаратылыс сыры жайындағы философиялық трактатын осылай атаған. Ақынның Сәбит Мұқановқа жазған хатының мазмұнында «... қырықтан соңғы ойым философия жағына салынып» деген сөздерді кездестіреміз. Философия дегені осы «Үш анық» жайлы. Шәкәрім «Үш анықты» жазуға отыз жылдай ізденіс жасаған. Шәкәрімнің ізденісі бос кетпеген. Ойшыл нені тапты?



Бірінші – мәңгі өзгерістегі барлығына себепші жаратушы ие. Бірінші анық – барлық табиғат құбылыстары, белгілі бір тәртіпте, жүйелілікте жүзеге асатын дүниенің даму заңдылықтары, яғни ешқандай кездейсоқтықсыз даму Жаратушының туындысы. Болмыстың заттық көрінісі. Шәкәрімнің бірінші анығы бойынша - жаратылыста бірде бір құбылыс кездейсоқ болмайды. Барлығының түбінде белгілі бір себеп болуы заңдылық екен. Барлық себептердің түп-тамыры, қозғаушы күш – Жаратқан Ие. Түпкі жаратушыда себеп жоқ, ол барлық себептердің себебі. Ол – өзі жаратылмаған, бірақ, барлық әлемді жаратқан. Шәкәрім айтқан бірінші анық арқылы біздің санамызды «мен ғарышта жалғыз һәм тастанды емеспін, мені ерекше махаббатпен жаратқан біреу бар, яғни мен оның мәңгілік қамқорлығындамын» - деген періште ой әлдилейді.

Екіншісі – бұл жаратушы барлық тірі мен тірі емеске жан береді, адам өлген соң, одан әрі тазарып, жоғарылайды, өздігінен өмір сүреді. Екінші анық – өлімнен кейінгі тіршілік, жан өлмейді. Шәкәрімнің ойынша, адамның барлық рухани қасиеттері жаннан шығады. Оның ойынша «Жел мен су, тас, топырақ, шөп пен ағаш, ғаламда не бар болса бәрі жанды» Денелерді жаратып тұрған да осы жан. Дүние мақсатсыз емес, өмір мен тіршілік те мақсатсыз емес, барлығының барар жері, мақсатты шешімі бар. Шәкәрім үшін жан тіршілік атаулының көзі.

Үшіншісі – жанның жоғарылап, тазаруы үшін адам ұжданға сай арлы өмір сүруі керек. Шәкәрім адамдарды осыған шақырады. Үшінші анық – ол ұждан. Ұждан – дүниенің мақсатты жарасымдылығын жеткізетін, адам жанының мәдениетін жасайтын азық, екі өмірге де керек жанның қасиеті. Бұл қасиет адамның рухымен, ішкі рухани әлемімен байланысты. Ұждансыз адамның жүрегін ешбір ғылым, ешбір өнер тазарта алмайды. Ұждан барлық дүниеден биік тұру керек. Ұжданға тиесілі үш қасиет бар. Олар – әділет, мейірім, ынсап. Шәкәрімнің үшінші анығының да шешуі осы – ұждан деген дұрыс. Шәкәрім мұны ар білімі деген. Бұл «Үш анықтағы» қорытынды ой. Ар ілімі – ол рухани тазалық жолы. Ар Аллаға тән қасиеттің адам жүрегіндегі сәулесі болып табылады. Ар білімі адамды ниет, көңіл мен жүрек тазалығы арқылы Хақты тануға бастайды. Шәкәрім көздеген ар білімі адам баласын имандылықпен өмір сүруге шақырады. Кеңестік заманның әділетсіздігінен зардап шегіп, қарақшының қанды қолынан қаза болған көрнекті ақын, философ әрі сазгер Шәкәрім



Құдайбердіұлының соңында қалған мол мұрасымен туған халқы кешігіп қауышты. Шәкәрім Абайдың қайталанбас ән дәстүрін жалғастырып қана қоймай, оны ары қарай дамытқан тума талант иесі еді. Оның сұлу сазға, әсем әуенге бай алуан қырлы ойлы әндерінен адамдық болмысы, өмірге көзқарасы, асқақ арманы айқын көрінеді. Әке аманатына адалдық өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары елдің саяси өміріндегі орын алған жылымық қазақ әдебиетінің бір топ шоқ жұлдыздарының ақталуына өзінің септігін тигізгені мәлім. Солардың арасында Абайдан кейінгі кесек тұлға Шәкәрім Құдайбердіұлы да бар еді. Дәл сол кездері ақынды елімен жақынырақ таныстыру яғни қайта қауыштыру, мол мұрасын кеңінен насихаттау, зерттеу, талдау мәселесі қолға алына бастағаны белгілі

Қорытындылай келгенде Шәкәрім жаратушы анық, жанда өлген соң бір түрлі тіршілік болатыны анық, екі өмірге де керек азық ұждан анық деп санаған. Ойшылдың «Үш анық» дегендегі айтпағы осы.«Үш анықты» білген һәм жете түсінген адам баласы үшін мына дүниенің барлық заңдары белгілі болып, бәрі өз орнына тұра қалады. Елегізіп тұрған жан сабырға келмек дейміз. Ал, ол өз кезегінде жанға тыныштық әкеліп, алыстағы дүниелерді көре білу қабілетін оятады. Бұл тіршілік иесі үшін нағыз бақыт деп ойлаймын.

ӘОЖ 611.013.1

БИОЛОГИЯДА КЛОН ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ МӘДЕНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Мейрамбай Д., Омаров С.А.

Тірі ағзаның белгілі бір элементін пайдалана отырып, оны тура сондай етіп, көбейтіп шығару үдерісін клондау дейді. 1996ж ғалымдар сүтқоректілердің алғашқы клоны-Долли қойын жасады. Италиялық ғалым Северино Антинори бұдан бірнеше жыл бұрын 62 жастағы әйелдің жасанды жолмен бала көтеруіне себепші болған. Аталған жобамен жұмыс істеуге өз елінде тыйым салынғанына қарамастан, Антинори ретін тауып жұмысын одан әрі жалғастыруда. Ғалым сәби сүйгісі келетін 5000 жұптың өзіне сенім артып, бақтарын сынауға келісім бергенін мәлімдей отырып, бүгінгі



таңда жобаға қатысушы үш әйелдің аяғы ауыр екенін айтты. Оның айтуынша, үшеудің екеуі Ресей азаматшалары да, біреуі мұсылман елінің ханымы болса керек. Аталмыш жобаның адам баласына тек қана қуаныш сыйлайтынын ұтымды пікірлерімен дәлелдеген ғалым көп ұзамай бұл жұмысының қоғам тарапынан қолдау табатынына сенеді. Адам баласын клондау ісін қылмыс деп санайтын аталмыш елдер мұндай жұмыспен айналысқан адамды 20 жылға бас бостандығынан айырылғанымен тұрмай, оған қоса 1000000 доллар көлемінде айыппұл төлейтін көрінеді. 2005 жылдың 19 ақпанында Біріккен Ұлттар Ұйымы клондаудың барлық түріне тыйым салған заң актілерін қабылдады. Жасанды адамдардың зияны Біріншіден, өте көп қаржыны талап ететін клондаудың әзірге қажеті жоқ. Екіншіден, клондау әдісі арқылы пайда болған адам барлық жағынан осал болатын көрінеді. Денсаулығы нашар, ойлау қабілеті кем адамдарды қаптатып не керегі бар деген ғалымдар тобы клон адамдардың көп жағдайда ұсқынсыз боп туатынын айтады. Үшіншіден, олар табиғи адамдарға қарағанда өте ерте қартаяды екен. Ғалымдар клон адамдардың 30 жасында ақсақал болып отыруы мүмкін деген болжам айтады. Төртіншіден, бір адамды жасап шығару үшін онымен бірге дамып келе жатқан өзге эмбриондарды өлтіру керек. Ал, бұл қылмыс емес пе? Ал, пайдасы қандай? Этикалық пікірталастарға алып келетін адам клондары баласыз отбасыларға балалы болуға көмектесе алар еді. «Құдайдан бала сұрап, жылап жүргендерге өзінен аумайтын сәби сыйлауды жоспарлайтын жобаның жаман болуы мүмкін емес», дейді Антинори Северино Ауруды емдеуге көмектесетін мүшелер банкін жасауға көмектесе алар еді. Әлемде ең ірі клондар фабрикасы құрылды. Фабриканың атқарушы директоры Сю Сяочун клондау бойынша ауқымды жоспарларымен таныстырды. Клондау бойынша әлемдегі ең үлкен қытайлық компания Boyalife Group бірнеше мекемемен – оңтүстік корейлік Sooam Biotech Research Foundation және солтүстік қытайдағы Тяньцзин ғылыми академиясымен серіктестік құрды. Мекеме өз ісін алдағы 7 ай мерзімінде бастауды жоспарлап отыр. Жерді ғаламшарды жасандылықпен толтыру керек пе? Ол қаншалықты шыдайды?



ӘОЖ 329:574

«АЛАШ» ПАРТИЯСЫ: ҚҰРЫЛУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ТАРИХИ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Төкенова А., Баярисов Р.У.

1917 жылы қазақ қазақ қоғамындағы саяси өмірдің жандануына үлкен түрткі болған оқиға – сол жылғы ақпан айындағы патшаның тақтан тайдырылуы болды. Сол кездегі патшаның билігіне, оның жүргізіп отырған саясатына Ресейдегі саяси күштер мен партиялардың басым көпшілігі наразы болды. Сол саяси күштердің бірқатары, атап айтқанда – кадеттер мен октябристер монархияның сақталуын жақтады, бірақ кадеттер конституциялық монархияның болғанын қалады. Ал эсерлер мен меньшевиктер болса Ресейде республикалық құрылыстың орнағанын қалады. Большевиктер партиясы өз кезегінде маркстік теорияға сүйене отырып, жұмысшы табының билігіне негізделген пролетариат диктатурасын жүзеге асыратын Кеңестер билігін орнатуды мақсат етті.

Осындай қиын саяси ахуалда сол кездегі Ресейдің Мемлекеттік Думасы наурыз айында әр ұлттар мен саяси партиялардың өкілдерінен құралатын Бүкілресейлік Құрылтай Жиналысын 1918 жылы қаңтар айында шақыруға шешім қабылдайды. Оған дейін Ресейді басқарып отыратын Уақытша Үкімет құрылады. Сонымен, жер-жерде бүкіл Ресейдің тағдырын шешетін Құрылтай Жиналысына депутаттар сайлауға дайындық жұмыстары басталып кетті. 1917 жылға дейін қазақтардың өз саяси партиясы болмағандықтан, сол кездегі қазақтың алдыңғы қатарлы көзі ашық, саяси сауатты қоғам қайраткерлері саяси партия құру ісіне дайындық жұмыстарын бастап жіберді. Әуелі 1917 жылғы сәуір-мамыр айларында уездік және облыстық қазақ съездері шақырылды. Облыстық съездерде бірінші рет өткізілгелі отырған бірінші жалпықазақ съезіне делегаттар сайланды.

Бірінші жалпықазақ съезі 1917 жылғы 21-26 шілде күндері Орынбор қаласында өткізілді. Съезде қаралған 14 мәселенің ішіндегі ерекше маңыздысы сол кездегі қазақ қоғамының алдында тұрған саяси мақсаттарға сәйкес қазақтың дербес саяси партиясын құру болатын. Қазақтың саяси партиясын құру міндеті белгілі қоғам қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып



Дулатовтарға жүктелді. Сонымен қатар оларға жаңа саяси партияның бағдарламасын дайындау ісі де жүктелді. «Қазақ» газетінде 1917 жылғы 5 қазан күні «Алаш партиясы» деген бас мақала жарияланып, онда қазақ саяси партиясының атын «Алаш» деп қою керек екендігі жайлы пікір айтылды. 1917 жылғы 21 қараша күні «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды.

1917 жылғы желтоқсан айында Орынбор қаласында екінші жалпықазақ съезі өткізілді. Онда қазақтың жаңа «Алаш» партиясының құрылғандығы жария етілді. Сонымен қатар сол съезде «Алаш» автономиясын басқару үшін Алашорда үкіметі құрылды. Бастапқыда сәтті басталған бұл іс-шаралар көпке бармады. 1918 жылғы қаңтар айында Алашорда үкіметі орналасқан Орынбор қаласын Әліби Жангелдин бастаған қызыл гвардияшылар отряды басып алды. Нәтижесінде Алашорда үкіметі Орынбор қаласын тастап кетуге мәжбүр болды, оның Халел және Жаһанша Досмұхамедовтар бастаған батыс бөлімі Бөкей Ордасына көшті, ал шығыс бөлімі Семей облысына ауысты.

1918 жылғы көктемде чехословак корпусының көтерілісі нәтижесінде Батыс Сібір жері тұтасымен адмирал Колчак басқарған әскердің қолына көшті. Ал адмирал Колчак Ресейде монархиялық тәртіпті қайта орнатуды өзінің саяси мақсаты деп санады. Ондай жағдайда Алаш автономиясының өмір сүруі жайлы айтудың өзі мүмкін емес еді. Ал большевиктер өз кезегінде Алаш қайраткерлерінен Кеңес өкіметін тануды және оған бағынуды талап етті. Осылайша Кеңес өкіметі мен Алашорда үкіметінің арасында келіссөздер басталды. 1919 жылы Алашорда үкіметі Кеңес өкіметін тану және өзін-өзі тарату туралы шешім қабылдауға мәжбүр болды. Көптеген Алаш қайраткерлері Кеңес өкіметінің қазақ жеріндегі орталық және жергілікті органдарына кіріп, қызмет атқарды. Осылайша, қысқа ғана уақыт өмір сүрген «Алаш» партиясы және Алашорда үкіметі өзінің қызметін тоқтатты.

Жалпы алғанда, «Алаш» партиясының саяси қызметі XX ғасырдың бас кезінде қазақ мемлекеттілігін қалпына келтіру жайындағы мәселені алғаш көтеріп, қазақ қоғамының өзінің саяси мақсат-мүдделерін сезініп, сол үшін күресу жолында маңызды роль атқарды.



ӘОЖ 821.512.122.091

«ЖАҒАННАМЕ» ДАСТАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Әбуғали Е., Абдыханова Ғ.Т.

Түркі тілінде жазылған шоқтығы биік «Жаһаннаме» дастаны – Мұхаммед Хайдар Дулатиды айтулы ақын ретінде әдебиет тарихына ендіретін ақындық құжаты.

Шығарманың негізгі тақырыбы – адал да таза махаббат. Онда сүйген жарға, махаббатқа деген адалдық ту боп желбірейді. Сол себепті де поэманы махаббатқа арналған әнұран десе де болады. Онда, сондай-ақ, өмірдің өткіншілігі, тағдырдың бейопалығы мен әділетсіздігі де мен мұндалайды. Сондықтан да «Жаһаннамені» көтерілген проблемаларда айтылар мәселелерге қарап, кейде «Тағдырнаме» деп те атауға болатын сияқты.

Ақындық мәдениеті жоғары қаламгер поэмада нені сөз етсе де, нендей жайтты суреттесе де оған азаматтық көзбен қарап, шындық тұрғысынан келуге тырысты.

1329 бәйіттен тұратын дастанның ара-арасында қазақ батырлар жырындағы сияқты қарасөздің де араласып отыратын тұстары бар.

Бұл дастанды шағатай тілінен аударуға ниет жасағандардың қатарында жазушы Бақытяр Әбілдәұлының да есімін атап өту орынды. Оның аудармасы бойынша:

«Құдайдың күдіреті қандай күшті,
Қанат беріп ұшырар көкке құсты.
Ағаш та, гүл, тікен де сумен көктеп,
Иемденер әрқайсысы түрлі түсті.
Жердің бетін жапқанда жасыл желек,
Көңілдегі қайғы-мұң кетсе керек,
Әр шөп, жәндік шыққандай қолдан шебер,
Зауал жетсе әп-сәтте бірден өлер...», –

деген көркем сөз өрнектерінің сәтті өрілгендігі байқалады.

Бұл тұста ақын өз басындағы мұң-шерге орай философиялық ой толғап, өмір-өзенінің бір сәтке де тоқтамай, тек өз заңдылығына жүгінетіндігін, уақыты келіп, зауалы жетсе, ғаламдағы тіршіліктің бәрі бақилық болатындығын жазады. Осы тұста ақын әдебиет теориясындағы психологиялық параллелизм үрдістерінің шебері



тәрізді. Табиғат аясындағы оның элементтері мен өмір заңдылықтарының элементтері арасынан үлкен ұқсастық, параллельді сәйкестік табуы да Дулатидың ақындық өнерінің өресінде жатса керек.

Дастандағы Шаһсауар патшаның құдайдан бала тілеп, ел кезіп кететін жері Мырза Хайдардың өміріне ұқсас. Поэманың осы деталін автор өз өмірбаянынан алған. «Тарих-и Рашидиде» ұлы ғалым: «...бұл жаман немеге дейін менің ата-анамның төрт қызы бар екен. Олар содан әулие-әнбиелер мазаратына зиярат етіп, ұлы Жаратушыдан ұл беруді сұрап жалбарынады. Ұзақ мінәжат пен тілекке толы жалбарыныштан соң, өмірге мына жаман неме келіпті. Сол себепті де ата-анамның маған деген сүйіспеншілігі шексіз еді», – дейді.

Әйтсе де, мұндай мотив орта ғасырлық түркі ақындары шығармаларын былай қойғанда, біздің эпостық жырларымызда да жиі ұшырасады. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырын алар болсақ, бұл жырда да бір перзентке зар болған Алпамыстың әке-шешесі мазар аралап құдайдан тілек тілеп жалбарынады. Бұл жырда да дәл солай.

Дастандағы Шаһсауар патша да жалғыз ұлын жанындай жақсы көреді. Өмірдегі табысы, жемісі, көрер көзі мен жаны Фируз болғандықтан, перзенті үшін ол отқа да, суға да түсуге әзір.

Поэмада сөйтіп Шаһсауар патшаға біраз орын берілсе, ал Перизаттың әкесі Тәжібақыт пен анасы Маһи-Руй зариф тек бір-екі жерде ғана көрінеді. Олар да бірақ екі жас бақытына бөгет болмайды. Батасын беріп Самин еліне шығарып салады.

Фируз шаһ баласы Фаррух Сауарды алып келуге Назанинді жібергенде де Тәжібақыт кедергі жасамай, түсіністік танытып, ханзаданың еліне қайтуына рұқсат етеді. Дастанда солай Шаһсауар мен Жаһанбану секілді Тәжібақыт пен Маһи-Руй зариф те әділдік пен қайырымдылық символы боп шыққан. Шығармада Сәлім уәзір де көрегендігімен көрінеді. Ол Фируз шаһтың өзгере бастағанын сезімталдықпен тез байқайды.



УДК 7.042.2:008

ОБРАЗ КОНЯ В КАЗАХСКОЙ И РУССКОЙ КУЛЬТУРАХ

Бахытова Ж., Полякова Н.В.

Без коня невозможно представить развитие евразийской цивилизации. Его обожествляли, ему поклонялись, за хорошего коня отдавали полцарства. Александра Македонский своего коня – верного Буцефала – похоронил с королевскими почестями, а император Калигула сделал своего любимца членом римского сената.

Как в казахской, так и в русской культурах из всех животных конь самый популярный объект изображения.

В культурной традиции казахов образ коня «является самым частотным и имеет свои формы воплощения и свою интерпретацию». Он не только национален, но и «может вступать в систему социальных отношений», что сближает его с общемировыми литературными традициями. В частности, известный акын Акан серы Корамсаулы (1843-1913) посвящает своему скакуну Кулагеру, погубленному человеческой завистью, скорбную прощальную песню. Судьбу Кулагера в 1936 году в одноименной поэме изобразил И. Джансугуров (1894-1938). Им был еще ярче и сильнее подчеркнут мотив социальной несправедливости.

Попытка решения через изображение судьбы лошади важных нравственно-социальных проблем традиционна и для русской литературы: толстовский мерин Холстомер, утверждавший, что лошади стоят в лестнице живых существ выше, чем люди, и лошадь Маяковского родственны и близки коню Джансугурова. «Делаться лошастью» у Л. Толстого, Акана сери, В. Маяковского и И. Джансугурова означает *стремление отстаивать свое человеческое достоинство*. Этот процесс содержит в себе частное и общее, национальное и общечеловеческое, нравственное и социальное.

В процессе исследования мы провели эксперимент по концептуальному пониманию слова «конь» представителями казахской и русской культур. Результаты его подтверждают наши выводы:



- конь в казахской культуре – это охотник и воин; сидя на нем, человек словно демонстрирует свою силу. Любовь казахов к коням такова, что своих горячо любимых детей они называли лошадиными прозвищами: «жеребенок мой», «жеребеночек мой»- «кулыным-кулыншағым», а справедливого и честного человека именовали «аргамаком». При этом и самого коня называли человеческими именами, давая теплые человеческие прозвища «карағым» – зрачок моих глаз», «шырағым» – светоч ясный и т.п. В казахской культуре конь предстает как положительный образ, несущий в себе помощь, благородство, мужество, достоинство своего хозяина;

- в русской культуре отношение к коню несколько иное. Конь воспринимается не только как друг, соратник, боевой товарищ, но и иногда присутствуют отрицательные мотивы в изображении этого животного. Конь несет в себе таинственность, непредсказуемость, он обладает грозностью, но остается символом добра и счастья. Мудрость богов являлась людям через это животное. Культ коня в русской культуре связан с почитанием Солнца: славяне верили, что Дождь-бог (бог Солнца) ездит по небу на чудесной колеснице, запряжённой четвёркой белых златогривых коней с золотыми крыльями. Русь с древнейших времен отождествляла себя с образом коня, что нашло воплощение в архитектуре Русского Севера.

Образы коня у скандинавов связаны со сменой суток: «конь-ночь» мчится впереди с темной гривой, а за ним скачет «конь-утро», чья пена покрывает землю росой. И замыкает эти скачки «конь-день» со светлой гривой, озаряющей землю и воздух. В Упанишадах конь символизирует календарь: туловище означает год, другие части тела – времена года, суставы – месяцы, а ноги – день и ночь.

Рассмотрев все выше сказанное, можно сказать, что образ коня перекликается в культуре всех народов. Образ коня описывался в произведениях с самых древних времен и до нынешних времен именно как помощник, верный чувственный друг человека, благородное животное.



ӘОЖ 801.316.4

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ КЕЙБІР АУДАРМАЛАР

Тоқтыбаева Ж., Құламанова З.А.

Термин сөздерді қозғалысқа салып, дамытатын сала ғылыми-техникалық прогресс болып табылды. Тілдегі көптеген терминдердің пайда болуы ғылым мен техниканың өмірге дендеп енуіне тікелей байланысты. Ал «термин» деген ұғымның өз басына келер болсақ, әлі күнге бұл жайында бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. Термин жасау ісіне аударманың айрықша рөлі болды. Сан алуан пікірлерді негізге ала отырып ғалымдар – Ө. Айтбайұлы, Т.Жаңақұлов т.б. өз мақалалары мен еңбектерінде терминжасау ісін қарастырады. Егемендік жылдардағы қоғамдық өзгерістер ыңғайына қарап, мемлекеттік тілімізге, оның ішінде терминология мен аударма ісінің жағдайы сан алуан болды. Тілдің өзекті мәселесінің бірі аудармалар болып табылады десек, аударма ісі – ел мен елді, тіл мен тілді жақындастыратын, бірін-бірі байытатын, толтыратын алтын көпір. Әрбір азамат термин сөздер мен аудармалардың ерекшеліктерін ажырата білуіміз керек. Ол – мәдениет, ғылым-білім, әдебиет, адамдар қарым-қатынасының бөлінбес құралы. Аударма – қиын өнер. Оның маңызын түсінген елдер бұл істі өздерінің төл мәдениетін дамытудың, басқа елдермен саяси және рухани алмасуларын қуатты құрал ретінде бағалайды. Терминология мәселесіне орай академик Ө.Қайдаров былай дейді: «Қазақ тілі терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты бүгінде дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауды немесе оны ауыстыруы, алмастыру тәрізді бейберекет «бұқаралық» әрекетке жол беріле бастады». Ғалым Ө.Қайдар терминдерді қалыптастыруға қатысты қағидаттар ұсынды. Онда термин мен аударма мәселелеріне қатысты ғылыми көзқарастар негізіндегі нақты мәселелерді орындау жан-жақты айтылған. Дей тұрғанмен терминология, аударма т.б. тіл мәселелері соның ішінде оқулықтардағы жағдай көңіл көншітерлік емес. Мәселен, кітап мазмұнына үңілсек, «қазақшалаймыз» деген принципті ұстап,



«артық қыламыз деп тыртық қылып алатын» жағдайлар етек алып жүр. Атап айтсақ, 8 сынып биология оқулығында «көмекей шодыры» деп берілген аударма бойынша сұрақ туындайды. «Шодыр» деген не, оқулықта анықтамасы жоқ. Бір ғана мәлімет бар ол бидайық деп тұр. Ал бидайық деген не? Ол өсімдік және құс. Қарапайым сөз болып көрінгенмен толық мағынасын ұғыну қиындық тудырады. Ал 10 сынып биология оқулығында жасунық емес, енді жасунық деп берген және жақшаға «клетчатка» деп анықтама қалдырған. Сондай түсініксіз аудармалар жеткілікті, мәселен осы оқулықта «шарбы» деген сөз кездеседі, ал оның мағынасы қалай болмақ? 56-бетте қантдиабетін сусамыр деп берген. Ал сусамыр деген кезде ойға жайлау, жер, өзен, су еріксіз оралады. Біздіңше қант диабеті болып қалғаны дұрыс сияқты. Ал 53-бетте қант диабеті делінген. 55-бетте «организм» аудармасы – ішкі мүше деп берілген. Таң қаларлық. Қандай негізге сүйене отырып, оқулыққа «ішкі мүше» болып енді, аудармасы – ағза емес пе?. Бұл аудармалар мазмұны ғылым негіздерімен жаңа танысып жатқан оқушы үшін түсініксіз. Мектепте бір оқушыдан: «Биология сабағы ұнайды ма?» – деп сұрадық. Ол мұрнын тыржитып, «түк түсінбеймін», – дейді. «Әпкейіңнің сабағы ұнамайды ма?» – дегенде: «ұнайды, бірақ кітаптағы сөздер түсініксіз, ұнамайды. Ұмытып қала беремін!» – деді. Мектеп мұғалімдері жаңа оқулықтарға көңілі толмайтындығы жөнінде наразылықтарын білдіріп жатты. Оқулықтарда сәтсіз жасалған аудармалар жеткілікті. Мысалы: шошқамойын (паротит), ыңқылап (революция), мүдір (директор), құлақілдірік (наушник) сияқты сөздермен тіліміз мәртебесі төмендемесе жоғарыламайтыны анық. 8-сынып. Физика оқулық, : «Мект» басп., 2016. 98-б. Изотермиялық процесс дегеніміз – термодинамика делінген. Термодинамиканың анықтамасы 6-бетте берілген. Латын тілінен тікелей аударып «жылу күші» делінген. Проф. Т. Жаңақұловтың пікірінше, «салалық, ғылыми халықаралық терминдерді аударма жасаудан бас тартпайынша, біз туған тіліміздің жағдайын жақсартпай алмайтын көрінеміз, сондай-ақ тіл үйрену процесінде де тұралауымыздың түйіні аудармаға тіреліп тұр ма?» – деген сұрақ туады...



ӘОЖ 491.36

МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ БЕТІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ТІЛДІК, СТИЛДІК ЖЕТІЛУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Рахымбай Н., Сағыбай З.Д.

Соңғы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, ондағы сөз қолданысы мен жалпы тіл мәдениеті жиі әңгімеге арқау болып жүр. Бұл орайда тілші-ғалымдар да, тіл жанашырлары да өзекті мәселе көтеріп, осы тақырыпқа арнайы мақалалар жазып, жариялап ол оқырмандар арасында талқылануда. Иә, біз де тіл жанашырлары ретінде осы мәселені негізге ала отырып, тақырыптың аясын кеңейту мақсатында жекелеген зерттеу жұмысын жүргіздік.

Осы ретте республикалық және Жамбыл облысы аймағында жарық көретін мерзімді баспасөз беттерін саралап көрдік. Ондағы тіл біліміне қатысты бірлі-жарым кездесіп қалып жататын қателіктерді тауып, негіз бойынша жүйеледік. Өзіміздің ұсынысымызды айттық. Бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын негізгі талаптардың сақталғанын сараптадық. Қоғамдық талқығы түскен тақырыптың өзегін тапқандай болдық.

Расында, мерзімді басылым беттерінде біз қойған бар-жоғы он талапқа қатысты қателіктер баршылық. Тіпті, шаш етекпен десек артықтық етпес. Мұндағы айта кетерлігі түзетулер мен толықтыруларды қажет ететін, сынға ұшыраған басылымдардың басым көпшілігі жекелеген газет-журналдар. Зерттеу жұмысы барысында олардың атын атап, түсін түстеп көрсеттік. Мұндағы мақсатымыз-мерзімді баспасөздің кемшілігін көрсету емес, керісінше мерейін өсіру болып табылады.

Біз айтып отырған бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын негізгі талаптарды атап айтар болсақ олардың қатарына мыналар кіреді: сөз мағынасына мән бермеу, сөздердің тіркесімділік қабілетін ескермей, сәтсіз сөз тіркестерін жасау, терминдер қолданысындағы бірізділіктің сақталмауы, тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолданбау, орнысыз қысқартылған сөздердің болмауы, сөйлемдегі сөздердің орны тәртібінің сақталмауы, қосымшалардың дұрыс қолданылмауы, орфографиялық норманың бұзылуы, тұрақты сөз тіркестерін дұрыс қолданбау, өзге тілді сөздердің қолданылуы



аясы. Осы көрсетілген негізгі талаптардың сақталмауына қатысты оқырмандар арасында мерзімді басылым беттеріндегі материалдарды саралап, ой пікірімізді айтып, нақты мысал келтірдік.

Қайбір істі алып қарамасақ та оның жүйелі түрді жұмыс жасауы үшін талап пен тәртіп керек. Айтпақшы, осы сөйлемнің өзінде де жұмысты «жасамайды», жұмысты «істейді» деп бір сөзден қисынсыз мағына тауып алуға болады. Ал осы бір сөздің өзін әр басылым әр қилыжазады. Көзі қарақты оқырман ойлы көзбен қараса да, дұрыс пен бұрыстың ара-жігін ашу қиын. Осы ретте «Күнделікті тұрмыста пайдаланылатын сөздердің барлығын мерзімді басылым беттерінде пайдалануға болады дегенді кім айтты?!» деп даурыққан тіл мамандары да бар.

Расында қоғамның керітартпа тіршілігін сынап жазатын біздей журналистерге де сын тағу әбестік емес, заңдылық. Тілшілердің түйінді сөзін тарқатып жататын бізде арнайы орган яки қызмет жоқ. Кеңес Одағы тұсында газет-журнал беттеріне жарияланған әрбір мақаланы бүге-шүгесіне дейін саралап, сараптатын «идеологиялық» бөлім болған екен. Онда көтерілген мәселенің байыбы мен айыптысын анықтап қана қоймай, сөздің тур және ауыспалы мағынасын да май-шаммен қараған. Ал дәл қазіргі зайырлы заманда мұндай қадағалау жоқтың қасы. Сол себептен де қателік көп. Осы ретте кешегі ұстанымды қазақ баспасөзінен қайта енгізсек құба-құп болар еді. Өткеннен өнеге алсақ ұтылмасымыз анық.

Қорыта айтқанда, «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі», -деп кешегі қазақ зиялыларының бірі А.Байтұрсынұлы айтып кеткендей, бүгінгі таңда елімізде шығатын газеттердің жай – күйі мені алаңдатады. Неге десеңіздер, бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде халықтың көп пайдаланатыны бұл – газет. Газеттің қаншалықты қолжетімді екенін айтпай-ақ қояйын?! Жұртқа дұрыс жол нұсқайтын, жұрттың көзін ашады. Газет – халыққа білім таратушы, газет – халықтың даушысы. Олай дейтініміз, газеттен жұрт естімегенін естіп, білмегенін біледі.



UDK 372.881.1:3701

CREATIVE METHODS OF TEACHING ACADEMIC WRITING

Amirova A., Yechina Y.G.

Today a skill of academic writing is considered to be one of the demanding criteria which is required in many spheres throughout life. The concept of academic writing in a foreign language is one of the most frequently discussed issues in the framework of linguo-didactics. The aptitude of academic writing skills is the main key of existence in an academic environment. Academic writing is the opportunity to improve basic skills in a variety of written work, which are united by the fact of certain requirements to the structure and layout of text and choice of writing style (journalistic or academic), and the ability to make links, to rephrase, to build arguments, to properly execute literary sources. In Kazakhstan the process of finding new effective ways of academic writing is not provided with significant research. In schools and universities the main focus of domestic didactics is on the development of general competences while learning English as a foreign language. According to the survey (“How much do you know about academic writing?”) results development of student’s academic writing skill came across with the following problems:

1. Pieces of writing in English are not used for academic purposes.
2. Criterion of critical thinking is not considered in the writing process.
3. Academic competence of students is not formed in their native language.

Taking into account all apparent worries, methods of teaching academic writing should be created in accordance with ESL classroom. Firstly, using *invention tool* will help to explore personal ideas of students before the process of academic writing. It means entire integration of various applications such as *free-writing* (a method of exploring a topic without feeling limited by your own preconceptions, or by concerns about unity, coherence, organization, or correctness), *listing* (a method of organizing ideas at any point in the writing process), *cubing* (a method pushes the writer to consider a topic from six angles and directions), *wh-questions* (a method of putting yourself questions (who, what, when, where, why, how) about your chosen topic). Secondly, utilizing visuals as teaching



tools will be beneficial at initial stages of teaching process which helps to form a writer with diversified cultural perspective and objective point of view. In this regard,

1. The use of *the photos of shadows* is recommended and is usually of great interest for many students and teachers. You can start with the simple images interpretation presenting easy-to-describe pictures and later pass to the more complicated ones developing students' imagination.

2. The combination of writing and negotiation is called *resolutions* - written suggestions for addressing a specific problem or issue. It enables students to think critically in giving evidence to proof the main idea of passages.

3. One of the interesting tasks – *flashbacks* is suggested in Ben Goldstein's book "Working with images" for the language classroom. It is based on the use of pictures or creating your own, making them more appropriate to study special lexical or grammatical concepts.

Thirdly, in different kinds of academic papers the focus varies. In this way, keeping writing journal helps to research questions and problems you set out to solve. All of the types of academic writing (learning diary, literature review, essays, seminar's presentation speech) can be combined in one profound storage. Teacher offers strategies to every academic paper by relying on properties of the academic context. As a result, academic worries of students will be gradually cut back. However, the complexity is emphasized to adult learners: they should write about out -of-the-box thoughts or controversial topics. Applying this method in teaching process will be a vehicle to demonstrate knowledge and understanding of students, as well as displaying abilities to reason and write academically.

Basic components of academic writing should be formed in the native language of the students taking into account language support and required professional competences. Most classroom approaches in teaching process are often concerned by lack of critical thinking skills, and also mention students' failure to explore and produce academic papers. Therefore, methods of teaching academic writing need to demonstrate impartial development of students' worldwide knowledge. The success with finding effective ways of academic writing depends upon how well your goals set which enables target audience as they write and then how they approach the writing task.



УДК 78.03.81'276.3

ХИП-ХОП КУЛЬТУРА И ЕЁ ВЛИЯНИЕ НА МОЛОДЕЖНЫЙ СЛЕНГ

Октябрева Б., Нуралиева А., Новожилова М.В.

В настоящее время рэп и хип-хоп культура в целом становятся всё более популярными и рэперский сленг оказывает значительное влияние на сленг молодёжи. Термин сленг применяется в двух значениях: как синоним жаргона и как совокупность жаргонных слов, жаргонных значений общеизвестных слов, жаргонных словосочетаний, принадлежащих по происхождению к разным жаргонам и ставших, если не общеупотребительными, то понятными достаточно широкому кругу говорящих.. Сленг, представлявший собой особое использование метафор и экспрессии, являет собой срез речевой культуры, охватывая различные социальные и возрастные слои общества. Особое внимание вызывает сленг, заимствованный русским языком через хип-хоп культуру, ярко выраженную в рэпе. Отметим основные способы формирования лексики сленга: а) иноязычные заимствования. Пример: герла (девчонка), стрит (улица), пэренты (родители), зиппер (молния); б) аффиксация. Пример: приколоться (обращать внимание, цепляться, насмехаться), приколот (то, над чем можно насмехаться), приколист (тот, кто любит придирается, шутить над кем-либо), прикольный (забавный, интересный), прикольно (весело, оригинально); в) метафоризация. Пример: кiski (узкие треугольные темные очки); г) блатные арготизмы. Пример: беспредел (полная свобода, разгул) ксива (документы), мочить (бить); д) развитие полисемии. Пример: кинуть (украсть что-либо, взять что-либо и не отдать, не сдержать обещание).

Хип-хóп (англ. hip-hop) – культурное направление, зародившееся в среде рабочего класса Нью-Йорка 12 ноября 1974 года. Диджей Afrika Bambaataa первым определил пять столпов хип-хоп-культуры: эмсиинг (англ. MCing), диджеинг (англ. DJing), брейкинг (англ. breaking), граффити (англ. graffitiwriting) и knowledge (определённую философию). Другие элементы включают битбоксинг, хип-хоп-моду и сленг. Сленг рэперов очень разнообразен и насыщен словами из других видов сленга. Так,



например, можно встретить очень много «блатных» выражений (бык – напряженная личность. Прогон – заведомо неискреннее заявление.) и т.д. Так как хип-хоп культура является уличной культурой, то люди увлекающиеся ей попадают на улицу, слышат разговоры таких же не очень образованных людей. Рэпера это люди не из высшего общества. В основном это люди которые проводят большую часть жизни на улице. Они разговаривают используя очень много ненормативной лексики и других простых «народных» выражений. Рэперский слэнг постоянно развивается и пополняется новыми выражениями. Люди говорят так, как им удобно, а не так, как установлено какими-либо правилами или порядками. (Пати – вечерина. Рулез – классно. Палить – наблюдать.) Слэнг граффитчиков состоит в основном из заимствованных слов из английского языка. Как таковые эти слова напрямую связаны с предметом. В Америке назвать это слэнгом очень сложно, т.к. эти слова означают предмет, о котором идет речь. Но в русском языке эти слова стали слэнгом. В брейкерском слэнге заметно преобладание названий элементов танца. (Гвоздь – вертикальный прокрут на голове. Аналогично граффити, брейкерский словарь состоит в основном из слов, заимствованных из английского языка. Названия элементов означают действия, которые производятся во время танца или животных, на которых похож данный элемент. (Черепаша – кручение на руке. Крокодил – хождение на руках вокруг своей оси).

Также, нами был проведен социологический опрос среди студентов 1-3 курсов ФВХЭиС, ЮФ и ФНГД. Результаты опроса показали, что студенты знают и используют слэнг в повседневной жизни, преимущественно в сфере музыки и для общения в социальных сетях. Наиболее употребляемые слова среди студентов: LOL, XOXO, respect, bro, OMG, imho, fail, swag, party, bae, easy, KEK, bling.

В данной работе мы постарались раскрыть сущность сленга в современной лингвистике, и пришли к выводу, что сленг многофункционален.



ӘОЖ 811.133.1

ФРАНЦУЗ ТІЛІНДЕГІ ПРЕДЛОГТАРДЫҢ КӨП МАҒЫНАЛЫЛЫҒЫ

Айтыева Н., Жанасбаева Б.Б.

Ғылыми жұмыстың зерттеу объектісі: француз тіліндегі предлогтардың көп мағыналылықтарына талдау жасау, қолданылу аяларын қарастыру арқылы қазақ тілінде жоқ грамматикалық бірліктердің (кұбылыстардың) аударылу жолдарын қарастыру.

Ғылыми жұмыстың мақсаты: екінші шет тілі пәні бағдарламасында қарастыратын тақырып предлогтардың көп мағыналылықтарын және олардың қазақ тіліндегі эквиваленттерін зерттей отырып, француз тіліндегі предлогтардың көп мағыналылықтарына және қазақ тіліне аудару жолдарына теориялық және практикалық тұрғыдан талдау жасау.

Ғылыми жұмыстың өзектілігі: жаңа ғасырда прогрессивті өмірге аяқ басқан жастар заман талабына сай озық өмір сүруге дайын болуы керек. Заман талабына сай саналы азамат болу үшін бүгінгі жастардың білімдері терең де, жан-жақты да болуы тиіс.

Жаһандандыру дәуірінде француз тілі мемлекетаралық және континент-аралық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік туғызып отыр. Сондықтан осы қарым-қатынас жасау кезінде қолданылатын ең қажетті грамматикалық материалдардың бірі – предлогтар. Кез-келген жаңа грамматикалық материалдарды ана тілімен салыстыра отырып үйрену, біздің өтіп жатқан тақырыпты тез түсінуімізге, жадымызда сақтауға және шет тілін ауызекі тілде еркін пайдалануымызға жол ашады. Қазақ тілінде бұл грамматикалық құбылыс болмағандықтан едәуір қиындықтар тудырады. Француз тіліндегі предлогтардың қолданылуын дұрыс білмейінше, біз ойымызды француз тілінде дұрыс айта алмаймыз немесе француз тілінен қазақ тіліне, керісінше қазақ тілінен француз тіліне дұрыс аударма жасау мүмкін емес. Қазақ тілінде баламасы жоқ француз тіліндегі предлогтарды қазақ тіліне аудару қазіргі уақыттағы ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Француз тіліндегі предлогтарды қазақ тілінде аудару туралы нақты ережелер, түсіндірмелер қазақ тілінде жоқ десе де болады. Француз тіліндегі предлогтарды қолдану орыс тілді кітаптарда, оқулықтарда көп



мағыналылықтарына мысалдар берумен шектеледі. Осы тақырыптағы талдаулар жұмыстың өзектілігін танытады. Сондықтан француз тілінің предлогтарының көп мағыналылығына егжей-тегжей талдау жасап, олардың қазақ тіліне аударылу жолдарын түсіну керек.

Предлогтар әртүрлі қатынастарды «кеңістікті, уақытты, себеп-салдарды» білдіретін көмекші сөздер қатарына жатады. Предлог көмекші сөз таптарына жатады, сөйлеудің - өзгермейтін бөлігі. Олар сөйлемде немесе сөз тіркесінде зат есімді (есімдікті) басқа бір сөзбен байланыстыру үшін қолданылады. Предлогтар жай ғана грамматикалық құрал бола алады, бірақ жеке тұрып ешқандай мағына бермейді.

Француз тілінде септіктер болмағандықтан септік жалғаулардың қызметін предлогтар атқарады. Олар сөйлемде немесе сөз тіркесінде зат есімді, есімдікті т.б. басқа бір сөзбен байланыстыру үшін қолданылады. Сонымен предлог екі сөздің арасындағы қатынастық мағынаны білдіре алады.

Жай предлогтар: à, après, avant, avec, chez, contre, dans, de, depuis, derrière, dès, devant, en, outre, pour, jusque, par, sans, sauf, selon, sous, sur, vers etc.

Күрделі предлогтар: envers, hormis, parmi, autour de, au milieu de, à travers, à cause de etc.

Есімше-предлогтар: attendu, excepté, y compris, concernant, durant, étant donné, suivant etc.

Қорыта айтқанда, әрбір адам өз ойын грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлем құрастырғанда ғана, яғни француз тілінде жиі қолданылатын предлогтардың барлық мағыналарын, қолдану аясын дұрыс түсінбейінше француз тілінде дұрыс сөйлеу нормаларын қалыптастыру мүмкін емес, сондықтан да алдағы оқу жылдарында да бұл тақырыпты қарастыру қажет. Предлогтың көмескі түрде болса да, лексикалық мағынасы бар. Бұл мағына предлог қолданылғанда айқынырақ көрініп тұрады. Соның негізінде предлог екі сөздің арасындағы қатынастық мағынаны білдіре алады. Француз тілінде предлогтың маңызы өте зор. Әртүрлі елдердің тілдеріне предлогтар тақырыбына егжей-тегжей талдау жасалынып, предлогтар мәселесімен көптеген ғалымдар айналысты. Дегенмен, француз тіліндегі предлогтардың қолдану аясын олардың қазақ тіліндегі баламаларын зерттеген бірде-бір еңбек жоқ.



ӘОЖ 371.31:42/48

«ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ» САЯСАТЫ

Букешова С., Нұрбаева Ж.Р.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарында да үш тұғырлы тіл саясаты туралы біршама пункттер айтылып өткен. Елбасымыз қолға алып, білек сыбана кіріскен бұл жоба мемлекетімізде үлкен серпіліс жасады. Бірнеше сұрақтарды туғызып та үлгерді. Сондықтан да бұл ірі көлемді сауал дәл осы жұмысты жазуға негізі арқау болып отыр.

Ағылшын тілі – 335 млн. (2003 ж.) адамға ана тілі орнына жүреді. Қытай және испан тілінен кейінгі үшінші орындалып отыр. Жалпылай, екінші тіл деп мойындап, меңгергендерді қосқанда, ағылшын тілін білетіндер саны 1,3 млрд. (2007 ж.) адамнан асады. БҰҰ-ның іскерлік 6 тілінің қатарына қосылған. 54 мемлекетте ресми тіл болып танылған.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгеру алға қойылған басты талап. Мұндағы қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт-аралық қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық тіл. Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін іс-шаралар да басталып кеткен. Елбасымыз 2014 жылдың 17 қаңтарында жасаған жолдауында «Орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Мектеп түлектері қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп атап өтті. Елімізде ашылған Назарбаев Зияткерлік мектептері үш тұғырлы тіл саясатын насихаттап жүзеге асырудағы басты мысал бола алады.

Алға қойылып талданып отырған «үш тұғырлы тіл» туралы идеяны елбасымыз 2006 жылдың қазанында болып өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII құрылтайында жария еткен болатын. Ал 2007 жылғы халыққа жасаған «Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан» атты жолдауында осы идеяны жүзеге асырудың негізгі кезеңдерін атап өткен болатын.

Бұл саясат жүзеге асырылғанымен мемлекеттік – қазақ тіліміз тысқары қалып кетпеуі тиіс. Жүргізіліп отырған саясат негізінде қазақ тілі жетекші орын алып, орыс және ағылшын тілдері сол



тілдің көлеңкесінде болуы тиіс екенін халық санасына сіңдіру басты мақсат. Мемлекеттік тілдің дәрежесін көтеру үшін ағымдағы 2020 жылға дейін қазақ тілін жетік меңгерген халық үлесі 95%, ал ағылшын тілін меңгеру деңгейі 20% құрауы тиіс деген тапсырма берілді.

Тілді меңгеру мемлекет тарапынан қолдау тауып, барша жағдай жасалған. Әрбір азамат қазақ, орыс, ағылшын тілдерін меңгеруі үшін мүмкіндіктер қарастырылған. Қазақ тілін меңгеру – жастар бойындағы ұлттық патриотизмді нығайтып, түп қазығынан алыстамауға мүмкіндік береді. Орыс тілін меңгеру – қарым-қатынасты еркін жасап, білім алу кеңістіктерін кеңейтеді. Ағылшын тілін жетік білу – шексіз мүмкіндік болып табылады.

Сонымен қатар мемлекет басшысы «Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екені баршаға белгілі... Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек. Қазіргі әлемнің осы «лингва франкасын» меңгеру біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады» деп, қазақ тілі және тілдердің үштұғырлы мәселесіне кеңінен тоқталды.

Үш тұғырлы тіл өмірдің қажеттілігі. Бұл бүгінгі елдің тыныс-тіршілігін айқындайды және жалпыға ортақ қалыпты норма болып саналады. Үш тілді қатар меңгеру бәсекеге қабілетті ел азаматының міндеті. Қазақстанның білікті, білімді әр азаматын ғаламдық ақпараттар мен инновациялық ағынына ілесу ағылшын тілін үйренуге жетелейді. Әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге орыс, ағылшын тілдерінің де асыл қазынасынан сусындап, оны іске асыра білгені де жөн.

Мемлекетімізде көптеген ұлттар мен ұлыстар қоныс тепкен. Ал бұл жағдай біздің мерейімізді үстем етіп, мемлекетімізді күшейте түседі. Себебі, әр ұлттың субъективті көзқарастары мен тәжірибелері, және тілдері біздің ойымыздың шарықтау шегін ұлғайтады. Сондықтан да олардың ойларын бір сарынға толықтыру маңызды. Ал ол үшін ең маңыздысы тілдік жүйе. Мемлекеттік көп ұлтты екенін ескере отырып, бір емес бірнеше тілді бірге алып жүру барша үшін пайдалы әрі әділ екені анық.



UDK 81.39

HELPING STUDENTS TO DEVELOP CREATIVE WRITING IDEAS

Batyrbek Zh., Yeleussiz A.B.

Aim of research: is to identify the most productive ways of teaching and developing creative writing to students at English classroom. Object: creative writing activities at English teaching classroom. Subject: ways and strategies of creative writing. Topicality: Most children enter school with a natural interest in writing, an inherent need to express themselves in words (Graves, 1983). Couple this with a child's love of stories and nursery rhymes – who has not seen a goggle-eyed group of kindergartners lost in the world of imagination as their teacher reads them a favourite story or nursery rhyme. – and you have the basis for building an emotionally involving and intellectually stimulating creative writing program for Methods of research: methods of data collection (practical registration of data, notes, essays and papers). Literature studies, which includes review, integration findings of different scholars. Method of observation: participation observation (interpret the situation, close to the subject). Method of secondary analysis: conceptual analysis, describing and explaining theories, source criticism and text emendation, simulation, developmental project and consult work. This article should help teachers with that task.

With these compelling reasons in mind, it is hard to justify not making creative writing an important part of the elementary school classroom day. It is important that the reasons for writing be made clear to administrators and parents, who may automatically categorize creative writing as merely frivolous play, something akin to recess. **Problem:** Children cannot concentrate on one thing if you do not provide with some illustrations. In addition, in order to make the focus on a particular topic is necessary or to mimic, or figure out a way for them to not be distracted constantly. Many students cannot bring their thoughts in a noisy environment or well, then when they work in groups.

In this paper, we have tried to find out that there are some major ways of creative writing ideas for students. Based on the types of creative writing, we propose to begin the processes of learning from the school's curriculum. We used all kinds of creative writing on my school practice. We realized all

the mistakes our students that then decided to combine several types of co-writing. Imagination are different but in spite of certain difficulties such as noise in the classroom can attract children to write more accurate some sort of story or even a fictional story. In addition, here some important tips for your students:

1. Have them focus on only one subject.
2. Suggest they compare this subject, using similes and metaphors.
3. Encourage them to use descriptive paragraphs to paint a picture.

To sum up, although it is vital to separate various types of writing, the advantages of integrated writings outweigh its drawbacks, therefore we strongly recommend combination of image and sentence prompt for helping students develop creative writing skills. Moreover, in order to promote and motivate students to everyday writing, it is suggested organizing creating writing club and boxes, containing different day-to-day writing tasks.

Methods of research: methods of data collection (practical registration of data, notes, essays and papers). Literature studies, which includes review, integration findings of different scholars. Method of observation: participation observation (interpret the situation, close to the subject). Method of secondary analysis: conceptual analysis, describing and explaining theories, source criticism and text emendation, simulation, developmental project and consult work.

Having students read each other's work and comment upon it can help both reader and writer. Writers are provided an audience for their work, and, for many children, comments by their peers will be attended to in ways that a teacher's comments would not. Having students read each other's work and comment upon it can help both reader and writer. Writers are provided an audience for their work, and, for many children, comments by their peers will be attended to in ways that a teacher's comments would not. The reader may pick up on techniques of fiction that might not be apparent from reading a professionally published book, and will have an emotional investment in reading and understanding the work that other kinds of reading do not offer.



ӘОЖ 336.711

ҚР ҰЛТТЫҚ ҚОРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жолдығұлова А., Тұрлыбаева Ұ.Т.

Ұлттық қордың қаражаты – дербестігіміздің кепілі, болашақ ұрпақтың игілігі мен 17 миллионнан астам халқымыздың тағдыры. Мемлекетте Ұлттық қордың қалыптасуы Американы ашқанмен тең жаңалық емес, бүгінгі таңда дүние жүзінде Ұлттық қор тәрізді ірі құрылымдардың саны 52-дей. Қазақстандық қордың үлгісі ретінде бірнеше жылдар бойы сәтті қызмет етіп келе жатқан Норвегияның қоры алынды. ҚР Ұлттық қоры Президентіміздің 2000 жылғы 23 тамыздағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы» №402 Жарлығына сәйкес құрылды. ҚР Бюджет Кодексінің 21 бабына сәйкес, Ұлттық қор – материалдық емес активтерді қоспағанда, Ұлттық қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі шотында шоғырландырылатын қаржы активтері түріндегі, сондай-ақ, өзге де мүлік түріндегі мемлекет активтері болып табылады. Ұлттық қорға түсетін қаржылық кірістер биылғы жылы тұрақты түрде қысқартылып жатыр. Ұлттық қор сақтық және тұрақтандыру функцияларын атқарады. 2016 жылдың бірінші бес айында 3,1 есеге қысқарған. 2016 жылдың қаңтар – мамыр айларында Ұлттық қорға 547,6 млрд. теңгені құрады. Аумақтық кірістік түсімдердің төмендеуі де еліміздің басым бөлігінде айқын көрсетілді. 2015 жылға қарағанда Атырау облысынан Ұлттық қорға түскен қаржы 1,6 есеге, Батыс Қазақстан облысынан 1,9 және 1,2 есеге Маңғыстау облысынан төмендеген. Үкіметтің Ұлттық банктегі шотында шоғырландырылатын, қаржылық активтер түріндегі, сондай-ақ материалдық емес активтерді қоспағанда, өзге мүлік түріндегі мемлекет активтері Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры болып табылады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес Ұлттық қорды тиімді пайдалану және оны, материалдық емес активтерді қоспағанда, шетелдік қаржылық құралдарға орналастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады. Қазақстанның Ұлттық қорының



қызметінде қазіргі уақытта бірқатар мәселелер бар. Ұлттық қордың қаржысына қолсұғушылық, оның қалыпты қызмет етуіне нұқсан келтіреді, елдің экономикасы мен нарықтық қатынастарға залалын тигізеді, мемлекетке үлкен зиян келтіреді. ҚР Қылмыстық Кодексінде Қордың қаражатына қолсұғушылық жайлы сұрақ қылмыстық заңнамамызда өз жауабын таппаған. Ұлттық қорды - мемлекеттік қорғаудың объектісі ретінде мойындап, ҚР Қылмыстық Кодексіне «Ұлттық Қор қаражатына қолсұғушылық» атты жаңа бап енгізуіміз қажет. Құқық бұзушылықтың элементтерімен қарастырсақ, құқық бұзушылықтың объектісі, субъектісі, объективті мен субъективті жағы айқын көрінеді. Қазіргі кезде Ұлттық қордың қаражаты өсуімен қатар оны тиімді қолдану мәселесі әрқашанда өзекті болып отыр. Қорды басқару сұрақтарын зерттеп жүрген көптеген авторлардың айтуы бойынша, осы мәселелердің арасында транспарентті (ашық) еместік, айқындылық, нақты керек бағыттарға салымдардың болмауы аталады. Бұдан басқа, Ұлттық қорды сырттай басқарушылар туралы ақпарат жарияланбайды. Ұлттық банк мұнай табыстарын қандай шет ел компаниялары басқаратындығын айтпайды, бұл компания талаптары деп түсіндіреді. Бұл мәселеде, мен жариялылық принципін дұрыс жүргізу керектігін ұсынбақпын. Ұлттық қордың сыртқы басқарушыларға байланысты олардың істері заң тұрғысынан қадағалануы тиіс. Мысал ретінде, Норвегияның әрбір азаматы қаржы министрлігінің сайтына кіріп, 1 кронға дейін есептелінген кірістер мен шығыстарды көріп, болашақ ұрпақтың қаржысын бақылай алады. Бұл дегеніміз, жариялылық қағидасын ұстануда Норвегия алдыңғы қатарлы мемлекет дегенді білдіреді. Қазақстанның Ұлттық қорының қызметі мен қаражатты тиімді жұмсау толғақты мәселе болып келеді және ол қоғамымыздың талқылауында болатын көкейкесті мәселе болып қалмақ. Президентіміздің әрбір Жолдауы мен соңғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты жолдауы Ұлттық қордың дамуына байланысты мәселелерден айналып өтпеген емес. Өйткені Ұлттық қор – жарқын болашақтың биігі іспеттес. Ұлттық қорымыздың әлеуметтік-экономикалық мақсаттарына жету үшін инвестициялық қызметі толықтай жүзеге асырылып, қаражат тек нақты мәселелерге ғана шығындалуы қажет.



УДК 341

ПРОБЛЕМЫ ОПРЕДЕЛЕНИЯ ПРАВОВОГО СТАТУСА КАСПИЙСКОГО МОРЯ

Кемелбекова Н., Кадыркулов А.Ж.

Проблема правового статуса Каспийского моря и его богатый природный ресурс обретает всю большую актуальность в рамках геополитики. Каспийское море, обладающее богатыми нефтяными месторождениями, а также представляющее одним из самых напряженных в политическом, социальном и международном отношениях районов мира. Здесь, в зоне богатейших нефтяных месторождений планеты, формируются геополитические игры мировых лидеров, ориентированные на укрепление своего лидерства в данном регионе.

Сегодня предлагается множество вариантов раздела акватории, которые можно свести в две группы: Каспий – это море; Каспий – это озеро. Следовательно, существуют разные принципы раздела. Следует упомянуть, что с глубокой древности за Каспием закрепилось название «море». Историческая традиция не может служить отправной точкой для решения юридических проблем Каспия. Не могут служить критерием и его размеры: международные правовые акты не учитывают размеры водоема при его отнесении к морю или озеру.

В любом случае – и для определения статуса Каспия как моря, и для определения статуса Каспия как озера, и на ресурсный раздел Каспия, и на пространственный раздел Каспия – необходимо получить единодушное согласие всех пяти Прикаспийских стран. Это основа международных взаимоотношений.

Главные разногласия при делимитации акватории Каспия, однако, возникают вовсе не из-за морских пространств. Континентальный шельф и его богатства – вот из-за чего до сих пор нет согласия у пяти прибрежных государств. Осложняет положение и стремление одних государств установить свои особые права на определенных участках Каспийского моря, что расценивается другими как односторонние действия, ущемляющие их национальные интересы. Особенно это относится к участкам морского пространства, где предполагаются нефтегазоносные



месторождения. Проблема правового статуса настолько сложна и запутана, что для ее решения потребуются, по-видимому, еще немало времени. В настоящее время все Прикаспийские государства исходят из того, что только они обладают исключительными правами в отношении Каспийского моря и его ресурсов, и что Конвенция о правовом статусе может быть принята только с их общего согласия, то есть консенсусом.

Говоря о возможных решениях данной, весьма сложной и противоречивой проблемы и в целом перспективах правового урегулирования, следует отметить, что однозначным является лишь один вывод – любой путь к решению данного вопроса лежит только в плоскости многосторонних консультаций всех заинтересованных прикаспийских государств.

В связи с появлением на Каспии новых субъектов международного права и в связи с необходимостью определить суверенные права прикаспийских государств, в частности, на недропользование, прибрежные государства достигли договоренности разработать Конвенцию, регулирующую новый международно-правовой статус Каспийского моря. В разрабатываемой прикаспийскими государствами Конвенции о правовом статусе Каспийского моря должны быть отражены основные принципы деятельности государств на Каспии, определены режимы морских пространств, урегулированы вопросы собственности на природные ресурсы (углеводородные, биологические) и их транспортировки, а также судоходства, рыболовства и сохранения уникальной экосистемы Каспия.

По нашему мнению, интересам прикаспийских стран соответствует статус Каспийского моря с распространяющимся на покрывающие его воды (акваторию) режимом кондоминиума и разграничением дна Каспийского моря на основе метода модифицированной срединной линии. Принцип разграничения дна по модифицированной срединной линии базируется на основе равного удаления от береговых линий и включает в себя участки, которые не являются равноотстоящими от береговых линий, и определяются с учетом, островов, геологических структур и других обстоятельств. Данный принцип позволяет разрешить территориальные споры и споры за месторождения.



ӘОЖ 342.6

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Ештайбек А., Аусағатова Ғ.Қ.

Мен конференцияға таңдап алған тақырыбымның өзектілігіне тоқтала кетейін. «Қазақстан халқы Ассамблеясының конституциялық мәртебесі» – баршамызға мәлім, әрқайысымыздың есімізде болар, 1995 жылғы 30 тамыздағы ҚР-ның конституция-сының қабылданғаны. Ал, Қазақстан халқы Ассамблеясы – 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен құрылған Мемлекет басшысы жанындағы консультативті – кеңесші орган болатын. Ел президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады. Мұндай институтты құру қажеттілігі саяси тұрғыдан, сондай-ақ жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы тұрғысынан туындаған еді. 2008 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңына қол қойылды. Осы заң этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құрылымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Этносаралық қатынастар субъектілерінің жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды. Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды. Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірегейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.



Бүгінде республикада Қазақстан этностарының мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына қажетті барлық жағдай жасалған. Этномәдени бірлестіктердің өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық. 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді. Егер мемлекеттің қалыптасу кезеңінде басты міндет этносаралық төзімділік пен қоғамдық келісім негізінде қоғамды ұйыстыру болса, ел дамуының жаңа кезеңінде, стратегиялық басымдық ретінде, қоғамның барлық азаматтары мойындаған ортақ құндылықтар мен қағидаттар жүйесіне негізделген Ұлт Бірлігіне жету болып табылады. Сондықтан 2010 жылы сәуірде азаматтық қоғам мен мемлекеттік институттардың, азаматтардың сындарлы ұсыныстарын жинақтаған Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы қабылданды. Қазақстанның Ел Бірлігі Доктринасы – халықтың, уақыт талабына сәйкес, бірігу қажеттігін түсінуіне негіз. Бұл – бізді қандай күш біріктіреді және біртұтас етеді – соны түсінудің тәсілі. Бұл – болашаққа бірігіп ұмтылудың серпіні.

Қазақстан өз алдына қойған негізгі мақсаты – бейбіт өмір, келісімді қоғам, ынтымақтастық пен бірігу екенін дәлелдеді. Сол жылдан бастап Ассамблея этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырушы маңызды институт ретінде бағаланып, елімізді мекендейтін барлық этностардың өзара қарым – қатынасын қамтамасыз етуде тиімді құралға айналды. Қазақстан халқы Ассамблеясының тиімді әрі жемісті іс-әрекетінің арқасында еліміздегі этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында бейбітшілік пен келісім үлгісі сақталды.



УДК 347.764

АКТУАЛЬНЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОГО СТРАХОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Умиртаева Ж., Кебеева Б.П.

Актуальность темы работы обусловлена значимостью личного страхования в жизнедеятельности граждан, хозяйствующих субъектов и государства, а также необходимостью адекватного правового регулирования данной сферы, на основании которого возможно функционирование данного сегмента рынка и его дальнейшее развитие.

